



**HP ENVY 5540 All-in-One series**



# Мазмұны

<b>1 Қалай орындаімын?</b> .....	<b>1</b>
<b>2 Жұмысқа кіріскенде</b> .....	<b>2</b>
Принтер бөлшектері .....	3
Басқару тақтасы және күй шамдары .....	5
Қағаз негізгілері .....	7
Медиа құралын жүктеу .....	10
Тұпнұсқаларды салу .....	14
HP принтерінің бағдарламалық құралын ашыңыз (Windows) .....	15
Ұйқы режимі .....	16
Автоматты түрдө өшіру .....	17
Күту режимі .....	18
Қол жетімділік .....	20
<b>3 Басып шығару</b> .....	<b>21</b>
Фотосуреттерді басып шығару .....	22
Құжаттарды басып шығару .....	24
Екі жақта басып шығару (екі жақты күйі) .....	26
Мобильді құрылғыдан басып шығару .....	27
AirPrint құрылғысымен басып шығару .....	28
Ең көп нүктө/дюйм ажыратымдылығын пайдалану арқылы басып шығару .....	29
Дұрыс басып шығару туралы кеңестер .....	31
<b>4 Веб-қызметтерді қолдану</b> .....	<b>33</b>
Веб-қызметтері дегеніміз не? .....	34
Веб-қызметтерді орнату .....	35
HP ePrint құрылғысымен басып шығару .....	37
HP арқылы басып шығарылатындар: пайдалану .....	39
HP Connected веб-торабын пайдалану .....	40
Веб-қызметтерді жою .....	41
Веб-қызметтерді пайдалану туралы кеңестер .....	42

<b>5 Көшіру және сканерлеу .....</b>	<b>43</b>
Күжаттарды көшіру .....	44
Сканерлеу .....	45
Сәтті көшіру және сканерлеу туралы кеңестер .....	50
<b>6 Сия картридждарымен жұмыс істеу .....</b>	<b>51</b>
Анықталған сия деңгейлерін тексеру .....	52
Картридждарды ауыстыру .....	53
Сия жабдықтарына тапсырыс беру .....	55
Жалғыз картридж күйін пайдалану .....	57
Картридждың кепілдігі туралы мәлімет .....	58
Анонимді пайдалану ақпаратты сақтау орны .....	59
Картридждармен жұмыс істеу туралы кеңестер .....	60
<b>7 Принтерді жалғау .....</b>	<b>61</b>
Сымсыз байланыс үшін принтерді орнату .....	62
Принтерге маршрутизаторсыз сымсыз қосылым арқылы қосыңыз .....	64
Желі параметрлерін өзгерту .....	67
Кеңейтілген принтерді басқару құралдары (желілік принтерлер үшін) .....	68
Желілік принтерді орнату және пайдалану туралы кеңестер .....	71
<b>8 Мәселені шешу .....</b>	<b>72</b>
Кептелістер және қағаз беру құралының ақаулары .....	73
Сия картриджіндегі ақаулар .....	78
Басып шығару ақаулары .....	80
Көшіру ақаулары .....	90
Сканерлеу ақаулары .....	91
Желі және байланыс ақаулары .....	92
Принтер жабдығының ақаулары .....	94
HP қолдау қызметі .....	96
<b>Қосымшасы а Техникалық мәліметтер .....</b>	<b>98</b>
Hewlett-Packard Company ескертүлөрі .....	99
Техникалық сипаттамалар .....	100
Қоршаған ортаны қорғайтын өнім бағдарламасы .....	102
Занды ақпарат .....	107
Сия төмен .....	116
Сия өте төмен .....	117
Сия картриджіндегі ақау .....	118

Картриджға қол жеткізу есігін тексеру .....	119
Қағаз өлшемінің сәйкесіздігі .....	120
Картридж кареткасы блокталған .....	121
Қағаз кептелісі немесе науа ақауы .....	122
Бет жиегінен шығу .....	123
Құжатты басып шығару орындалмады .....	124
Принтердің қатесі .....	125
Қақпақ ашық .....	126
Сия картриджінің қатесі .....	127
Жасанды картридждар туралы хабарлама .....	128
Сәйкес емес сия картридждері .....	129
Қағаз тым қысқа .....	130
Қағаз екі жағын автоматты басып шығару үшін тым ұзын .....	131
HP Instant Ink картриджі үйлесімді емес .....	132
HP Instant Ink картриджі қолданылған .....	133
Принтерді HP Connected бағдарламасына қосыңыз .....	134
Басып шығару мүмкін емес .....	135
HP қорғалған картриджі орнатылған .....	136
<b>Индекс .....</b>	<b>137</b>



---

# 1 Қалай орындаимын?

HP ENVY 5540 series принтерін қалай пайдалануды үйрену

- [Жұмысқа кіріскеңде \(2-бет\)](#)
- [Басып шығару \(21-бет\)](#)
- [Веб-қызметтерді қолдану \(33-бет\)](#)
- [Көшіру және сканерлеу \(43-бет\)](#)
- [Сия картридждарымен жұмыс істеу \(51-бет\)](#)
- [Принтерді жалғау \(61-бет\)](#)
- [Техникалық мәліметтер \(98-бет\)](#)
- [Мәселені шешу \(72-бет\)](#)

---

## 2 Жұмысқа кіріскенде


Осы бөлімде төмендегідей тақырыптар бар:

- [Принтер бөлшектері](#)
- [Басқару тақтасы және құй шамдары](#)
- [Қағаз негізгілері](#)
- [Медиа құралын жүктеу](#)
- [Түпнұсқаларды салу](#)
- [HP принтерінің бағдарламалық құралын ашыңыз \(Windows\)](#)
- [Үйқы режимі](#)
- [Автоматты түрде өшіру](#)
- [Күту режимі](#)
- [Қол жетімділік](#)

# Принтер бөлшектері

## Алдыңғы көрініс


Сурет 2-1 HP ENVY 5540 All-in-One series алдыңғы және жоғарғы көріністері



Мүмкіндік	Сипаттама
1	Қақпақ
2	Қақпақты көрі бұраау
3	Сканер айнегі
4	Принтер үлгісінің атауы
5	Картриджға кіретін есік
6	Қағаз жолының қақпағы
7	Картриджға кіру аумағы
8	Сия картридждері
9	Қосу түймесі (Қуат түймесі деп те аталады)
10	Басқару тақтасы
11	Шығару науасы
12	Автоматты шығару науасын ұзартқыш (науаны ұзартқыш деп те аталады)
13	Түрлі түсті графикалық дисплей (дисплей деп т аталады)
14	Фотоқағаз науасы
15	Қағаз науасы

## Артқы көрініс

Сурет 2-2 HP ENVY 5540 All-in-One series артқы көрінісі




Мүмкіндік	Сипаттама
1	Куат көзіне қосу. HP компаниясы қамтамасыз ететін қуат сымын ғана пайдаланыңыз.
2	Куат шамы Жасыл шам қуат сымы дұрыс орнатылғанын көрсетеді.
3	Артқы USB порты

# Басқару тақтасы және күй шамдары


## Түймешіктерге және шамдарға жалпы шолу

Келесі диаграмма мен қатысты кесте принтердің басқару тақтасы мүмкіндігіне жылдам сілтеме береді.



Жапсирма	Аты және силттамасы
1	Қосу түймесі: Принтерді қосады немесе өшіреді.
2	Артқа түймесі: Алдыңғы экранға қайтарады.
3	Анықтама түймесі: Ағымдағы әрекетке арналған Анықтама мәзірін ашады.
4	Басты түймесі: Принтерді бірінші рет қосқанда көрсетілетін Басты экранға қайтарады.
5	Дисплей панели управления (Басқару тақтасының дисплейі): Мәзір опцияларын таңдау үшін экранды түртіңіз немесе мәзір элементтерін айналдырыңыз.
6	Сымсыз байланыс шамы: Принтер сымсыз байланысының күйін көрсетеді. <ul style="list-style-type: none"><li>Тұрақты көк шам сымсыз қосылым орнатылғанын және басып шығаруға болатынын көрсетеді.</li><li>Баяу жыптылықтан тұрған шам сымсыз қосылым қосулы екенін, бірақ принтердің желіге қосылмағанын көрсетеді. Принтер сымсыз сигналдың ауқымында екенін тексеріңіз.</li><li>Жылдам жыптылықтан тұрған шам сымсыз қосылымның қатесін көрсетеді. Принтер дисплейіндегі хабарды қараңыз.</li><li>Егер сымсыз байланыс өшірүлі болса, сымсыз байланыс шамы өшірүлі болады, дисплей экраны <b>Wireless Off</b> (Сымсыз байланыс өшірүлі) жазуын көрсетеді.</li></ul>

## Басқару тақтасы дисплейінің белгішелері



Белгіше	Мақсат
	<b>Көшіру :</b> Көшіру мәзірін ашады, бұл мәзірде көшірме түрін таңдауға немесе көшірме параметрлерін өзгертуге болады.
	<b>Сканерлеу :</b> Сканерленген құжаттың орнын таңдауға болатын экранды ашады.
	<b>HP арқылы басып шығарылатындар :</b> купондар, боялған беттер, жұмбақтар және т.б. сияқты Интернеттегі мәліметтерге қол жеткізу және басып шығарудың жылдам әрі оңай жолын береді.
	<b>Тәңшеу :</b> Тәңшеу мәзірін ашады. Бұл мәзірде тәңшелімдерді өзгертуге және күтім көрсету функцияларын орындайтын құралдарды пайдалануға болады.
	<b>Справка (Анықтама) :</b> Орындау әдісі бейнелерін, принтер мүмкіндігі туралы ақпаратты және кеңестерді көруге болатын Анықтама мәзірі ашылады.
	ePrint белгішесі: ePrint күйі туралы мәліметтерді тексеруге, ePrint параметрлерін өзгертуге немесе ақпараттық бетті басып шығаруға болатын <b>Веб-қызметтер түйіні</b> мәзірін ашады.
	Wi-Fi Direct белгішесі: Wi-Fi Direct қосуға, Wi-Fi Direct өшіруге және Wi-Fi Direct атауы мен құпиясөзін көрсетуге болатын <b>Wi-Fi Direct</b> мәзірі ашылады.
	Сымсыз белгішесі: Сымсыз байланыс күйін тексеруге және сымсыз байланыс параметрлерін өзгертуге болатын <b>Сымсыз байланыс түйіні</b> мәзірін ашады. Сондай-ақ, желілік қосылым мәселелерін диагностикалауға көмектесетін сымсыз желіні тексеру туралы есепті басып шығаруға болады.
	Сия белгішесі: Картридждағы анықталған сия деңгейлерін көрсетеді. Сия деңгейі ең аз күтілген сия деңгейінен азырақ болса, ескерту таңбасын көрсетеді.
	<b>ЕСКЕРТПЕ:</b> Сия деңгейі ескертулері мен көрсеткіштері тек қана жоспарлау мақсатында ғана анықтауларды береді. Сияның аз қалғандығы туралы ескерту хабарламасын алған кезде ықтимал басып шығару кідірістерін болдырмау үшін ауыстыратын картридждің болуын қарастырыңыз. Басып шығару сапасы ұнамсыз болмайынша картридждерді ауыстырудың қажеті жоқ.

# Қағаз негізгілері

Принтер кеңсе қағаздарының көптеген түрлерімен жақсы жұмыс істеу үшін жасалған. Көптеген мөлшерде сатып алмастан бұрын басып шығару қағаздарының, әр түрлісін сынап көру жақсы ақыл. Тиімді басып шығару сапасы үшін HP қағазын пайдаланыңыз. HP медиа құралы туралы Қосымша ақпарат алу үшін HP [www.hp.com](http://www.hp.com) веб-сайтына кіріңіз.



HP компаниясы күнделікті құжаттарды басып шығару үшін ColorLok ені бар қарапайым қағаздарды ұсынады. ColorLok ені бар барлық қағаздар басып шығару сапасының және сенімділіктерінің жоғары стандарттарына сәйкес болу үшін, құжаттарды анық, ашық түste, мөлдір қара түстерде басып шығару үшін және барапқы қарапайым қағаздармен салыстырғанда жылдам кептіру үшін тауелсіз сынақтан өткізілген. Улken қағаз өнеркәсіптерінің әртүрлі енді және өлшемді қағаздары арасынан ColorLok ені бар қағаздарды қараңыз.

Осы бөлімде төмендегідей тақырыптар бар:

- [Басып шығару үшін ұсынылатын қағаздар](#)
- [HP қағаз материалдарына тапсырыс беру](#)
- [Қағазды таңдауға және пайдалануға арналған көңестер](#)

## Басып шығару үшін ұсынылатын қағаздар

Ең жақсы басып шығару сапасын қаласаңыз, HP корпорациясы басып шығарылатын жоба түрі үшін арнайы жасалған HP қағаздарын пайдалануды ұсынады.

Елге/аймақта байланысты осы қағаздардың кейбірі қол жетімсіз болады.

### Фотосурет басып шығару

- **HP Premium Plus фотоқағазы**

HP Premium Plus фотосурет қағазы ең жақсы фотосуреттеріңізге арналған HP жоғары сапалы фотосурет қағазы болып табылады. HP Premium Plus фотосурет қағазы арқылы жылдам кебетін әдемі фотосуреттерді басып шығаруға болады, сондықтан, оларды дереу принтер арқылы ортақ пайдалануға болады. Ол бірнеше өлшемдерде, сондай-ақ A4, 8,5 x 11 дюйм 216 x 279 мм, 4 x 6 дюйм 10 x 15 см және де 5 x 7 дюйм 13 x 18 см өлшемдерінде және екі өнді: жылтыр немесе ашық жылтыр (жартылай жылтыр) күйде қол жетімді болады. Кадрлеу, көрсету немесе ең жақсы фотосуреттеріңізді сыйлықта беру және арнайы фотосурет жобалары үшін тамаша сәйкес келеді. HP Premium Plus фото қағазы кәсіби сапа мен ұзақтыққа ие қосымша нәтижелерді жеткізеді.

- **HP жетілдірілген фотосурет қағазы**

Бұл жылтырақ фотоқағазы сияны жақпай оңай қолдануға арналған тез кепкіш мүмкіндікті береді. Ол суға, ласқа, саусақ іздеріне және ылғалдыққа қарсы тұрады. Басып шығарылған фотосуреттерде сақталған өңделген фотосуреттермен салыстыруға болатын көрініс және сезім болады. Ол бірнеше өлшемдерде, сондай-ақ A4, 8,5 x 11 дюйм, 216 x 279 мм 4 x 6 дюйм 10 x 15 см және 5 x 7 дюйм 13 x 18 см өлшемдерінде қол жетімді болады. Ол құжаттарды ұзақ уақытқа сақтау үшін құрамында қышқылды қамтымайды.

- **HP күнделікті фотосурет қағазы**

Күнделікті фотосуреттерді басып шығаруға арналған қағаздарды қолдану арқылы төмен бағадағы күнделікті түсті суреттерді басып шығарыңыз. Бұл қол жетімді және фотосурет қағазы

оңай ұстау үшін жылдам кебеді. Бұл қағазды кез келген ағындық принтермен қолданған кезде анық, айқын суреттер алыңыз. Ол бірнеше өлшемдерде, сондай-ақ A4, 8,5 x 11 дюйм, 216 x 279 мм, 5 x 7 дюйм 13x18 см және 4 x 6 10 x 15 см өлшемдерінде қол жетімді болады. Ол құжаттарды ұзақ уақытқа сақтау үшін құрамында қышқылды қамтымайды.

- **HP компаниясының фотосуреттерге арналған жиынтықтары**

HP корпорациясының фотосуреттерге арналған жиынтықтары уақытыңызды үнемдеу және HP принтерімен фотосуреттерді лабораториялық сапада, ықтимал басып шығаруға арналған болжамдарды алу үшін бастанқы HP сия картридждері мен HP жетілдірілген фотосурет қағазын ыңғайлы жинақтайты. Бастанқы HP сиялары мен HP жетілдірілген фотосурет қағазы бірге жұмыс істеу үшін жасалған, осылай фотосуреттер әрбір басып шығарған сайын ұзақ сақталатын және ашық болады. Бұкіл демалыс 'кезіндегі фотосуреттерді және көптеген ортақ пайдаланылатын фотосуреттерді басып шығару үшін өте тиімді.

### Іскери құжаттар

- **HP Premium Presentation Paper 120g күнгірт қағазы немесе HP Professional Paper 120 күнгірт қағазы**

Бұл - көрсетілімді, ұсыныстарды, есептерді және ақпараттық бюллетендерді басып шығаруға жақсы таңдау болатын екі жағы бірдей өте күнгірт қағаз. Ол әсерлі көрініс үшін тығыз болып табылады.

- **HP Brochure Paper 180g жылтыр қағазы немесе HP Professional Paper 180 жылтыр қағазы**

Бұл қағаздар екі жағын да қолдану үшін екі жағы бірдей жылтыр болады. Есептердің мүқаба беттері, арнайы көрмелер, брошюралар, жарнамалық материалдар және күнтізбелер үшін жаңа фотосуретті шығарылым мен іскери сызбаларға арналған тамаша таңдау.

- **HP Brochure Paper 180g күнгірт қағазы немесе HP Professional Paper 180 күнгірт қағазы**

Бұл қағаздар екі жағын да қолдану үшін екі жағы бірдей күнгірт болады. Есептердің мүқаба беттері, арнайы көрмелер, брошюралар, жарнамалық материалдар және күнтізбелер үшін жаңа фотосуретті шығарылым мен іскери сызбаларға арналған тамаша таңдау.

### Күнделікті басып шығару

Күнделікті басып шығаруға қолданылатын ColorLok технологиясы үшін берілген барлық қағаздар анықтығын жоғалтпайтын, жиегінде қара дақ қалмайтын және ашық түсті болып табылады.

- **HP ашық ақ түсті сия қағазы және түрлі түсті сия қағазы**

HP ашық ақ түсті сия қағазы және түрлі-түсті сия қағазы жоғары контрасттагы түстерді және анық мәтінді береді. Бұл жаршылар, есептер және үнпарақтар үшін тамаша болатын, сәуледе келесі беті көрінбейтін, екі жағында да бояуды қолдануға болатын жеткілікті күнгірт қағаз.

- **HP көп мақсатта пайдалануға болатын және All-in-One басып шығару қағазы**

HP көп мақсатта пайдалануға болатын және All-in-One басып шығару қағазы көп мақсатта пайдалануға болатын жоғары сапалы қағаз болып табылады. Ол қалыпты көп мақсаттағы немесе көшірме қағазында құжаттарды басып шығаруға қарағанда анығырақ көрінетін және сезілетін құжаттарды шығарады. Ол құжаттарды ұзақ уақытқа сақтау үшін құрамында қышқылды қамтымайды.

- **HP Office, көшіру, қағазды көшіру және басып шығару**

Бұл жоғары сапалы, көп мақсатта пайдалануға болатын HP қағаздар көшіруге, жазба және күнделікті құжаттар үшін қолайлы. Олар құжаттарды ұзақ уақытқа сақтау үшін құрамында қышқылды қамтымайды.

- **HP кеңседе қолдануға арналған қайта өнделген қағазы**

HP кеңседе қолдануға арналған қайта өнделген қағазы 30% қайта өнделген талшықтан тұратын жоғары сапалы көп функциялы қағаз болып табылады.

## HP қағаз материалдарына тапсырыс беру

Принтер кеңсе қағаздарының көптеген түрлерімен жақсы жұмыс істеу үшін жасалған. Тиімді басып шығару сапасы үшін HP қағазын пайдаланыңыз.

HP қағаздарына және басқа жабдықтарына тапсырыс беру үшін, [www.hp.com](http://www.hp.com) торабына өтініз. Қазіргі уақытта HP веб-сайттарының кейбір бөлігі тек қана ағылшын тілінде қол жетімді.

HP компаниясы күнделікті құжаттарды басып шығару және көшіру үшін ColorLok ені бар қарапайым қағаздарды ұсынады. ColorLok ені бар барлық қағаздар басып шығару сапасының және сенімділіктің жоғары стандарттарына сәйкес болу үшін, құжаттарды анық, ашық түсте, мөлдір қара түстерде басып шығару үшін және бастапқы қарапайым қағаздармен салыстырғанда жылдам көптіру үшін тәуелсіз сынақтан өткізілген. Үлкен қағаз өнеркәсітерінің әртурлі енді және өлшемді қағаздары арасынан ColorLok ені бар қағаздарды қараңыз.

## Қағазды таңдауға және пайдалануға арналған кеңестер

Жақсы нәтиже алу үшін, келесі нұсқауларды орындаңыз:

- Қағаз немесе фотосурет науасына бір уақытта қағаздың бір ғана түрін салыңыз.
- Науаны жүктеген кезде қағаздың дұрыс салынғандығын тексеріңіз.
- Науаны шамадан тыс жүктеменіз.
- Кептелістердің, нашар басып шығару сапасының және басқа басып шығару ақауларының алдын алу үшін науаға келесі қағаздарды салмаңыз:
  - Көп бөлікті пішімдер
  - Бүлінген, бұралған немесе мыжылған медиа құралы
  - Қыықтары немесе тесіктері бар медиа құралдары
  - Күрделі пішімделген, өрнектелген немесе сияны жақсы қабылдамайтын медиа құралы
  - Өте жеңіл және оңай мыжылатын медиа құралы
  - Қапсырмалары немесе қысқыштары бар медиа құралы

# Медиа құралын жүктеу

Жалғастыру үшін қағаздың өлшемін таңдаңыз.

## Кіші өлшемдегі қағазды салу

HP ENVY 5540 All-in-One series өнімінің фотосурет науасы 4 x 6 дюйм 10 x 15 см фотоқағазды қолдайды. Егер қолдау көрсетілетін фотосуретке арналған қағазда басып шығарғыныз келсе, оны негізгі қағаз науасына салыңыз.

- Негізгі қағаз науасын шығарғаннан кейін, фотосурет науасын шығарыңыз.



Фотосурет науасын көрмесеңіз, принтерден шығыс науасын алып тастаңыз.



- Қағазды жүктеніз.

- Фотоқағаз буласын фотосурет науасына бетін тәмен, ал HP логотипімен жоғары қаратып салыңыз.



- Фотосурет қағазын тоқтағанша алға сырғытыңыз.

- Фотосурет науасы мен қағаз науасын орнына салыңыз.


Шығыс науаны принтерден алған болсаңыз, орнына қайта салыңыз.

- Принтер дисплейіндегі қағаз параметрлерін өзгертіңіз немесе сақтаңыз.

## **Ең көлемді фотосурет қағазын салу**

Кең көлемді фотосурет қағазына басып шығарыңыз келсе, оны келесі нұсқауға сәйкес негізгі науаға жүктеңіз.

1. Қағаз науасын тартып шығарыңыз, қағаз ені бағыттауыштарын сыртқа шығарыңыз, содан кейін оның алдында жүктелген баспа материалын алыңыз.



2. Қағазды жүктеңіз.

- Қағаз науасына қысқа жиегін алға қаратып және басып шығаратын жағын төмен қаратып қағаз бұмасын салыңыз.
- Қағазды тоқтағанша алға сырғытыңыз.
- Қағаз ені бағыттауыштарын қағаз жиектерінде тоқтағанша ішке сырғытыңыз.




3. Қағаз науасын кері итеріңіз.

4. Принтер дисплейіндегі қағаз параметрлерін өзгертіңіз немесе сақтаңыз.


## **Толық өлшемді қағазды салу**

1. Қағаз науасын тартып шығарыңыз, қағаз ені бағыттауыштарын сыртқа шығарыңыз, содан кейін оның алдында жүктелген баспа материалын алыңыз.



**2. Қағазды жүктеңіз.**

- Қағаз науасына қысқа жиегін алға қаратып және басып шығаратын жағын төмен қаратып қағаз бұмасын салыңыз.
- Қағазды тоқтағанша алға сырғытыңыз.
- Қағаз ені бағыттауыштарын қағаз жиектерінде тоқтағанша ішке сырғытыңыз.




**3. Қағаз науасын көрі итеріңіз.**

**4. Принтер дисплейіндегі қағаз параметрлерін өзгертіңіз немесе сақтаңыз.**

**Хатқалталарды салу**

- 1. Қағаз науасын тартып шығарыңыз, қағаз ені бағыттауыштарын сыртқа шығарыңыз, содан кейін оның алдында жүктелген баспа материалын алыңыз.**



## 2. Хатқалталарды жүктеу

- Бір немесе бірнеше хатқалтаны басты науаның ортасына салыңыз. Басып шығарылатын жағының беті төмен қарап тұруы керек. Жиек сол жақта және жоғары қаратылып қойылуы қажет.
- Хатқалталар бумасын тоқтатылғанша ішке қарай сырғытыңыз.



- Қағаз енінің бағыттауыштарын ішке қарай хатқалталар бумасына тоқтатылғанша жылжытыңыз.


## 3. Қағаз науасын кері итеріңіз.

## 4. Принтер дисплейіндегі қағаз параметрлерін өзгертіңіз немесе сақтаңыз.


## Түпнұсқаларды салу

### Сканер әйнегіне түпнұсқаны қою

1. Сканер қақпағын көтеріңіз.



2. Түпнұсқаны әйнектің алдыңғы оң жақ бұрышына төмен қаратып жүктеңіз.



3. Сканер қақпағын жабыңыз.

## HP принтерінің бағдарламалық құралын ашыңыз (Windows)

HP принтердің бағдарламалық құралы орнатылғаннан кейін операциялық жүйенізге байланысты келесі әрекеттердің бірін орындаңыз:

- **Windows 8.1:** Бастау терезесінің сол жақ төменгі бұрышындағы төмен көрсеткіні басып, принтер атауын таңдаңыз.
- **Windows 8:** Бастау терезесіндегі бос орынды тінтуірдің оң жағымен басып, бардарламалар жолағындағы **Барлық бағдарламалар** түймесін басып, принтер атауын таңдаңыз.
- **Windows XP, Windows Vista** және **Windows 7:** Компьютердің жұмыс үстелінен **Пуск** (Бастау) түймесін басып, **Все программы** (Барлық бағдарламалар) тармағын таңдаپ, **HP** түймесін басыңыз, содан соң принтерге арналған қалтаны басып, принтер атауы бар белгішени таңдаңыз.

## Ұйқы режимі

- Ұйқы режимінде қуатты тұтыну азайтылады.
- Принтерді бастапқы баптаудан кейін, принтер белсендіз күйде 5 минут болғаннан кейін ұйқы режиміне өтеді.
- Ұйқы режиміне өтуге дейінгі уақытта басқар тақтасынан өзгертуге болады.

### Ұйқы режимі уақытын орнату

1. Басты экранда  ( **Теңшеу** ) түймесін басыңыз.

 **ЕСКЕРТПЕ:** Егер Главная (Басты) экранын көрмесеніз, **Главная (Басты)** түймешігін басыңыз.

2. Немесе **Қолмен орындау** түймесін басыңыз.
3. **Ұйқы режимі** түймесін басыңыз.
4. **5 минуттан кейін, 10 минуттан кейін** немесе **15 минуттан кейін** параметрін түртіңіз.

## Автоматты түрде өшіру

Бұл функция қуаттың тұтынылуын үнемдеуге көмектесу мақсатында принтерді қолданыста болмаған жағдайда 2 сағаттан кейін өшіреді. **Автоматты түрде өшіру параметрі принтерді толығымен өшіреді, сондықтан принтерді қайтадан қосу үшін "Қосу" түймесін пайдалану керек** Егер принтеріңіз осы қуатты үнемдеу мүмкіндігіне қолдау көрсететін болса, Автоматты түрде өшіру параметрі принтер мүмкіндіктері мен қосылым параметрлеріне байланысты автоматты түрде қосылады немесе өшіріледі. Автоматты түрде өшіру параметрі өшірулі болғанымен, пайдаланылатын қуат көзін азайту үшін 5 минут жұмыс істемесе, принтер Күту режиміне автоматты түрде ауысады.

- Автоматты түрде өшіру параметрі егер принтерде желі немесе факспен жіберу мүмкіндігі болмаса не осы мүмкіндіктерді пайдаланбаса, принтер қосылған кезде іске қосылады.
- Автоматты түрде өшіру параметрі принтердің сымсыз не Wi-Fi Direct мүмкіндігі қосылғанда немесе факспен жіберу мүмкіндігі бар, USB не Ethernet желі мүмкіндігі факс, USB не Ethernet желі байланысын орнатқанда өшіріледі.

## Күту режимі

Тыныш режимі жалпы шуды азайту мақсатында басып шығаруды жылдамдығын азайтады, бірақ оның сапасына әсер етпейді. Тыныш режимі тек қарапайым қағазға **Қалыпты** басып шығару сапасымен басып шығару кезінде ғана жұмыс істейді. Басып шығару шуын азайту үшін, Тыныш режимін қосыңыз. Қалыпты жылдамдықпен басып шығару үшін, Тыныш режимін өшіріңіз. Тыныш режимі әдепкі бойынша өшірулі болады.



**ЕСКЕРТЕ:** Тыныш режимінде қарапайым қағазға **Жоба** немесе **Ең жақсы** басып шығару сапасымен басып шығарсаңыз немесе фотосуреттерді не хатқалталарды басып шығарсаңыз, принтер Тыныш режимі өшірулі кездегідей жұмыс істейді.

Принтердің Тыныш режимде жұмыс істеу уақытын белгілеу арқылы кесте жасауға болады. Мысалы, принтердің күнделікті 22.00-08.00 уақыты аралығында Тыныш режимде істейтіндегі кесте жасауға болады. Тыныш режимі әдепкі бойынша өшірулі болады.

## Күту режимін қосу немесе өшіру

### Принтер басқару тақтасынан Тыныш режимін қосу немесе өшіру

1. Басты экранда **Теңшеу** белгішесін түртіңіз.
2. **Басымдықтар**, содан кейін **Тыныш режимі** тармағын түртіңіз.
3. **Тыныш режимі** өрісінің жанындағы **Қосу** немесе **Өшіру** түймелерін басыңыз.

### Принтердің бағдарламалық құралынан Тыныш режимін қосу немесе өшіру (Windows)

1. HP принтерінің бағдарламалық құралын ашыңыз. Қосымша ақпарат алу үшін [HP принтерінің бағдарламалық құралын ашыңыз \(Windows\) \(15-бет\)](#) бөлімін қараңыз.
2. **Тыныш режимі** қойындысын басыңыз.
3. **Қосу** немесе **Өшіру** түймесін басыңыз.
4. **Параметрлерді сақтау** түймесін басыңыз.

### Кірістірілген веб-серверден (EWS) Дыбыссыз режимін қосу не өшіру

1. Енгізілген веб-серверді (EWS) ашыңыз. Қосымша ақпарат алу үшін [Енгізілген веб-серверді ашыңыз \(69-бет\)](#) бөлімін қараңыз.
2. **Параметры** (Параметрлер) қойындысын басыңыз.
3. **Параметрлер** бөлімінен **Дыбыссыз режимі** мен **Қосу не Өшіру** параметрін таңдаңыз.
4. **Применить** (Қолдану) түймесін басыңыз.

## Күту режимі кестесін жасау

### Принтердің басқару панелінен Тыныш режимінің кестесін жасау

1. Басты экранда **Теңшеу** белгішесін түртіңіз.
2. **Басымдықтар**, содан кейін **Тыныш режимі** тармағын түртіңіз.

- 3.** Режимді қосу үшін **Тыныш режимі** белгішесінен кейін тұрған **Өшірулі** түймесін тұртіңіз де, растау үшін **OK** түймесін тұртіңіз.
- 4.** **Кесте** өрісінің жанындағы **Өшірулі** түймесін басыңыз да, кестенің басталу және аяқталу уақытын белгілеңіз.

#### **Принтердің бағдарламалық құралынан Тыныш режимін қосу немесе өшіру (Windows)**

- 1.** НР принтерінің бағдарламалық құралын ашыңыз. Қосымша ақпарат алу үшін [НР принтерінің бағдарламалық құралын ашыңыз \(Windows\) \(15-бет\)](#) бөлімін қараңыз.
- 2.** **Тыныш режимі** қойындысын басыңыз.
- 3.** **Тыныш режимі** аумағында **Қосулы** түймесін басыңыз.
- 4.** **Тыныш режимін жоспарлау** аумағында басталу және тоқтау уақытын белгілеңіз.
- 5.** **Сақтау параметрлері** түйешігін басыңыз.

#### **Ендірілген веб-сервер (EBC) арқылы Тыныш режимінің кестесін жасау**

- 1.** Енгізілген веб-серверді (EWS) ашыңыз. Қосымша ақпарат алу үшін [Енгізілген веб-серверді ашыңыз \(69-бет\)](#) бөлімін қараңыз.
- 2.** **Параметры** (Параметрлер) қойындысын басыңыз.
- 3.** **Параметрлер** бөлімінде **Тыныш режимі** мәзірін таңдаңыз да, **Тыныш режимі** аумағынан **Қосулы** режимін таңдаңыз.
- 4.** **Тыныш режимін жоспарлау** аумағынан басталу және аяқталу уақытын белгілеңіз.
- 5.** **Применить** (Қолдану) түймесін басыңыз.

# Қол жетімділік

Принтер қабілеттері төмен адамдардың қолдануы үшін көптеген мүмкіндіктерді береді.

## Көрү

Принтермен бірге берілген HP бағдарламалық құралы көру қабілеті зақымдалған немесе нашарлаған пайдаланушылар үшін қол жетімді немесе оны бағдарламалық жүйелерге кіру параметрлері мен мүмкіндіктері арқылы қолдануға болады. Сондай-ақ, бағдарламалық құрал экранда оку, көзі көрмейтін адамдар үшін басу және сөйлеу деректерін мәтінге айналдыратын бағдарламалар сияқты ең жоғары сауықтыру техникаларына қолдау көрсетеді. Түсті ажыратып білмейтін пайдаланушылар үшін HP бағдарламалық құралында қолданылатын түспен белгіленген түймешіктер мен қойындыларда сәйкес әрекетті беретін қарапайым мәтін немесе белгіше жапсырмалары болады.

## Қозғалу

Қозғалу қабілеттері төмен пайдаланушылар үшін HP бағдарламалық құралының функцияларын пернетақта пәрмендері арқылы орындауға болады. Сондай-ақ, HP бағдарламалық құралы жабыспалы пернелер, қосу пернелері, сұзғи пернелері және тінтуір пернелері сияқты Windows жүйесін қолдану параметрлеріне қолдау көрсетеді. Күші және қол жеткізу мүмкіндігі шектеулі адамдар да принтер есіктерін, түймелерін, қағаз науаларын және қағазды бағыттауыштарды қолдана алады.

## Қолдау

Принтердің арнайы мүмкіндіктері және HP компаниясының арнайы мүмкіндіктерге қатысты шешімдері туралы толық деректерді алу үшін HP компаниясының [www.hp.com/accessibility](http://www.hp.com/accessibility) веб-сайтына өтіңіз.

OS X үшін арнайы мүмкіндіктер туралы ақпаратты Apple компаниясының [www.apple.com/accessibility](http://www.apple.com/accessibility) веб-сайтынан қараңыз.

---

## 3 Басып шығару

Көптеген принтер параметрлері автоматты түрде бағдарламалық құрал арқылы реттеледі. Басып шығару сапасын өзгерту, арнайы қағаз түрінде басып шығару немесе арнайы мүмкіндіктерді пайдалану үшін ғана параметрлерді қолмен өзгертіңіз.

Осы бөлімде төмендегідей тақырыптар бар:

- [Фотосуреттерді басып шығару](#)
- [Құжаттарды басып шығару](#)
- [Екі жаққа басып шығару \(екі жақты қуй\)](#)
- [Мобильді құрылғыдан басып шығару](#)
- [AirPrint құрылғысымен басып шығару](#)
- [Ең көп нүктө/дюйм ажыратымдылығын пайдалану арқылы басып шығару](#)
- [Дұрыс басып шығару туралы кеңестер](#)

# Фотосуреттерді басып шығару

Фотосурет науасына фотосурет қағазының салынғанын тексеріңіз.

## Принтер бағдарламалық құралынан фотосуретті басып шығару (Windows)

1. Бағдарламалық құралдан **Басып шығару** түймесін таңдаңыз.
2. Принтер таңдалғанын тексеріңіз.
3. **Свойства (Сипаттар)** диалогтық терезесін ашатын түймешікті басыңыз.  
Бағдарламалық жасақтама қосымшасына байланысты бұл түймешік **Свойства (Сипаттар)**, **Опции (Опциялар)**, **Установка принтера** (Принтерді орнату), **Свойства принтера** (Принтердің сипаттартары), **Принтер** немесе **Предпочтения** (Таңдаулы параметрлер) деп аталуы мүмкін.
4. Қажетті параметрлерді таңдаңыз.
  - **Орналасу қойындысында Портрет** немесе **Пейзаж** бағдарын таңдаңыз.
  - **Бумага/Качество (Қағаз/сапа)** қойындысында **Tray Selection** (Науаны таңдау) аумағындағы **Носители (Медиа құралы)** ашылмалы тізімінен тиісті қағаз түрін таңдаңыз да, **Quality Settings** (Сапа параметрлері) аймағында тиісті басып шығару сапасын таңдаңыз.
  - **Размер бумаги (Қағаз өлшемі)** ашылмалы мәзірінен сәйкес қағаз түрін таңдау үшін **Дополнительный (Қосымша)** қойындысын басыңыз.
5. **Сипаттар** диалогтық терезесіне оралу үшін **OK** түймешігін басыңыз.
6. **Басып шығару** диалогтық терезесінде **OK** түймешігін басып, **Басып шығару** немесе **OK** түймешігін басыңыз.



**ЕСКЕРТПЕ:** Басып шығару аяқталғаннан кейін пайдаланылмаған фотосурет қағазын фотосурет науасынан алып тастаңыз. Фотосурет қағазын бұратылмайтында етіп орнатыңыз, дұрыс орналастырмая басып шығару сапасының төмендеуіне әкеп соғуы мүмкін.

## Компьютеріңізден фотосуретті басып шығару (OS X)

1. Бағдарламалық құралдың **Файл (Файл)** мәзірінде **Печать (Басып шығару)** түймесін таңдаңыз.
2. Принтердің таңдалғанын тексеріңіз.
3. Қайта теру параметрін орнату

Басып шығару диалогтық терезесінде опцияларды көрмесеңіз, **Мәліметтерді көрсету** түймесін басыңыз.



**ЕСКЕРТПЕ:** Келесі параметрлер USB кабеліне жалғанған принтер үшін қол жетімді. Опциялардың орындары әр бағдарламада әртүрлі болады.

- a. **Қағаз өлшемі** қалқыimalы мәзірінен сәйкес қағаз өлшемін таңдаңыз.



**ЕСКЕРТПЕ:** Қағаз өлшемі параметрін өзгертеңіз, қағаздың дұрыс салынғандығын тексеріңіз және сәйкестендіру үшін принтердің бақылау тақтасына қағаз өлшемін орнатыңыз.

- а. **Бағдар** параметрін таңдаңыз.
- б. Қалқымалы мәзірден **Қағаз түрі/сапасы** параметрін таңдарап, келесі параметрлерді таңдаңыз:
  - **Тип бумаги (Қағаздың түрі):** Сәйкес фотосурет қағазының түрі
  - **Качество (Сапасы): Лучший (Ең жақсы)** немесе **Максимум точек на дюйм (Ең көп нүктеде/дюйм)**
  - **Түс параметрлері** ашылмалы үшбұрышты басыңыз және содан кейін сәйкес **Фотосуретті жөндөу** параметрін таңдаңыз.
    - **Выключен (Өшірүлі):** кескінге өзгерістерді қолданбайды.
    - **Основной (Негізгі):** суретке автоматты түрде кезеледі; кескіннің анықтығын біршама реттейді.
4. Басқа да қалаған басып шығару параметрлерін таңдарап, **Печать (Басып шығару)** түймешігін басыңыз.

# Құжаттарды басып шығару

Қағаздың қағаз науасына салынғанын тексеріңіз.

## Құжатты басып шығару (Windows)

- Бағдарламалық құралдан **Басып шығару** түймесін таңдаңыз.
- Принтердің таңдалғанына көз жеткізіңіз.
- Свойства (Сипаттар)** тілқатысу терезесін аштын түймешікті басыңыз.  
Бағдарламалық құрал қосымшасына байланысты бұл түймешік **Свойства (Сипаттар)**, **Опции (Опциялар)**, **Установка принтера** (Принтерді орнату), **Свойства принтера** (Принтер сипаттары), **Принтер** немесе **Предпочтения** (Таңдаулы параметрлер) деп аталуы мүмкін.
- Қажетті параметрлерді таңдаңыз.
  - Расположение** (Орналасу) қойындысында **Портрет** немесе **Пейзаж** бағдарын таңдаңыз.
  - Бумага/Качество** (Қағаз/сапа) қойындысында **Tray Selection** (Науаны таңдау) аумағындағы **Носители** (Медиа құралы) ашылмалы тізімінен тиісті қағаз түрін таңдаңыз да, **Quality Settings** (Сапа параметрлері) аймағында тиісті басып шығару сапасын таңдаңыз.
  - Размер бумаги** (Қағаз өлшемі) ашылмалы мәзірінен сәйкес қағаз түрін таңдау үшін **Дополнительный** (Қосымша) қойындысын басыңыз.
- Сипаттар** диалогтық терезесін жабу үшін **OK** түймешігін басыңыз.
- Басып шығаруды бастау үшін **Печать** (Басып шығару) немесе **OK** түймешігін басыңыз.

## Құжаттарды басып шығару (OS X)

- Бағдарламалық жасақтаманың **Файл (Файл)** мәзірінде **Печать (Басып шығару)** түймесін таңдаңыз.
- Принтердің таңдалғанын тексеріңіз.
- Бет төлсипаттарын көрсетіңіз.

Басып шығару диалогтық терезесінде опцияларды көрмесеңіз, **Мәліметтерді көрсету** түймесін басыңыз.

 **ЕСКЕРТПЕ:** Келесі параметрлер USB кабеліне жалғанған принтер үшін қол жетімді. Параметрлердің орындары әр бағдарламада әртүрлі болады.

- Қағаз өлшемін таңдаңыз.
-  **ЕСКЕРТПЕ:** Қағаз өлшемі параметрін өзгертсөніз, қағаздың дұрыс салынғандығын тексеріңіз және сәйкестендіру үшін принтердің бақылау тақтасына қағаз өлшемін орнатыңыз.
- Бағдар параметрін таңдаңыз.
  - Масштабтау пайызын енгізіңіз.
- Басып шығару** түймешігін басыңыз.



**ЕСКЕРТПЕ:** Қағаз шеттерімен тураланбаған құжаттарды басып шығарсаңыз, дұрыс тілді және аймақты таңдағаныңызға көз жеткізіңіз. Принтер дисплейінен **Параметрлер** тармағын таңдаңыз, кейін **Параметрлер** мәзірін таңдаңыз. Берілген параметрлерден тілді, кейін аймақты таңдаңыз. Дұрыс таңдалған тіл және ел/аймақ параметрлері принтерде сәйкес әдепкі қағаз өлшемінің параметрлері болатынын білдіреді.

# Екі жаққа басып шығару (екі жақты күйі)

## Беттің екі жағында басып шығару

Автоматты екі жақты басып шығару қосалқы механизмін (дуплексер) пайдалана отырып, парақтың екі бетіне де басып шығара аласыз.

1. Бағдарламалық құралдан **Басып шығару** түймесін таңдаңыз.
2. Принтердің таңдалғанын тексеріңіз.
3. **Свойства** (Сипаттар) тілқатысу терезесін ашатын түймешікті басыңыз.  
Бағдарламалық құрал қосымшасына байланысты бұл түймешік **Свойства** (Сипаттар), **Опции** (Опциялар), **Установка принтера** (Принтерді орнату), **Свойства принтера** (Принтер сипаттары) немесе **Принтер** немесе **Предпочтения** (Таңдаулылар) деп аталуы мүмкін.
4. Қажетті параметрлерді таңдаңыз.
  - **Оригинал** қойындысында **Tík** немесе **Көлденең** бағытын таңдап, **Екі жағында басып шығару** ашылмалы тізімінен **Ұзын жиекке аудису** немесе **Қысқа жиекке аудису** параметрін таңдаңыз.
  - **Бумага/Качество** (Қағаз/сапа) қойындысында **Tray Selection** (Науаны таңдау) аумағындағы **Носители** (Медиа құралы) ашылмалы тізімінен тиісті қағаз түрін таңдаңыз да, **Quality Settings** (Сапа параметрлері) аймағында тиісті басып шығару сапасын таңдаңыз.
  - **Қағаз/шығару** аумағындағы **Дополнительный** (Қосымша) түймесін басыңыз, **Размер бумаги** (Қағаз өлшемі) ашылмалы тізімінен тиісті қағаз түрін таңдаңыз.

 **ЕСКЕРТПЕ:** Қағаз өлшемі параметрін өзгертсөніз, қағаздың дұрыс салынғандығын тексеріңіз және сәйкестендіру үшін принтердің бақылау тақтасына қағаз өлшемін орнатыңыз.

5. Басып шығару үшін **OK** түймесін басыңыз.

 **ЕСКЕРТПЕ:** Құжаттың бір беті басып шығарылған соң, екінші жағында басып шығару үшін принтердің қағаздың қайта жүктеуін автоматты түрде күтіңіз. Ешқандай әрекет жасаудың қажеті жоқ.

## Беттің екі жағында басып шығару (OS X)

1. Бағдарламалық жасақтаманың **Файл (Файл)** мәзірінде **Печать (Басып шығару)** түймешігін таңдаңыз.
2. Басып шығару диалогінде ашылмалы мәзірдегі **Расположение (Оригинал)** қойындысын таңдаңыз.
3. Екі жақты беттер үшін қажет байлау түрін таңдаңыз және **Печать (Басып шығару)** түймешігін басыңыз.

## Мобильді құрылғыдан басып шығару

HP мобильді басып шығару технологиясы арқылы смартфоннан немесе планшеттен принтерге оңай басып шығаруға болады.

Үйде немесе көңседе болсаңыз, басып шығаруға смартфондағы не планшеттегі басып шығару мүмкіндігін пайдалану үшін:

1. Мобильді құрылғы мен принтер бір желіде екендігін тексеріңіз.
2. Басып шығарғыңыз келген фотосуретті немесе құжатты таңdap, кейін принтерді таңдаңыз.
3. Басып шығару параметрлерін растап, басып шығарыңыз.

Желіге кірмей-ақ басып шығару қажет болса, қосымша ақпарат алу үшін, [Принтерге маршрутизаторсыз сымсыз қосылым арқылы қосыңыз. \(64-бет\)](#) fbelimин қараңыз.

Жолда болсаңыз, құжатты **ePrint** бағдарламасымен **ePrint** қосылған принтеріне электрондық хабар жіберу арқылы басып шығара аласыз. Қосымша ақпаратты [HP ePrint құрылғысымен басып шығару \(37-бет\)](#) бөлімінен қараңыз.

Қосымша ақпарат алу үшін HP мобильді басып шығару веб-сайтына ([www.hp.com/go/mobileprinting](http://www.hp.com/go/mobileprinting)) кіріңіз.

## AirPrint құрылғысымен басып шығару

Apple компаниясының AirPrint мүмкіндігімен басып шығаруды iOS 4.2 және Mac OS X 10.7 немесе кейінгі нұсқалары қолдайды. AirPrint мүмкіндігін iPad (iOS 4.2), iPhone (3GS немесе кейінгі) немесе iPod touch (үшінші буын немесе кейінгі) құрылғыларынан келесі мобиЛЬДІ бағдарламаларда басып шығару үшін пайдаланыңыз:

- Поща
- Фотосуреттер
- Safari
- Қолдайтын үшінші тарап бағдарламалары, мысалы Evernote

AirPrint мүмкіндігін пайдалану үшін келесіні тексеріңіз:

- Принтер мен Apple құрылғысы AirPrint қосулы құрылғымен бірдей желіге қосылуы керек. AirPrint мүмкіндігі және оған үйлесімді HP құрылғылары туралы қосымша ақпарат алу үшін [www.hp.com/go/mobileprinting](http://www.hp.com/go/mobileprinting) бөліміне өтіңіз:
- Принетрдің қағаз параметрлеріне сәйкес келетін қағазды салыңыз.

# Ең көп нүктө/дюйм ажыратымдылығын пайдалану арқылы басып шығару

Фотосурет қағаздарына жоғарғы сапалы, анық суреттерды басып шығару үшін, ең үлкен нүктө/дюйм өлшемін қолданыңыз.

Ең үлкен нүктө/дюйм өлшемінде басып шығаруға басқа параметрлерде басып шығаруға қарағанда ұзағырақ уақыт кетеді және оған дисктен үлкен бос орын қажет.

## Ең үлкен нүктө/дюйм режимінде басып шығару (Windows)

1. Бағдарламалық құралдан **Басып шығару** түймесін таңдаңыз.
2. Принтердің таңдалғандығын тексеріңіз.
3. **Свойства (Сипаттар)** тілқатысу терезесін аштын түймешікті басыңыз.

Бағдарламалық құрал қосымшасына байланысты бұл түймешік **Свойства (Сипаттар)**, **Опции (Параметрлер)**, **Установка принтера** (Принтерді орнату), **Свойства принтера** (Принтер сипаттары), **Принтер** немесе **Предпочтения** (Таңдаулы параметрлер) деп аталуы мүмкін.

4. **Бумага/Качество** (Қағаз/Сапа) қойындысын басыңыз.
5. **Носители** (Медиа құралы) ашылмалы тізімінен сәйкес қағаз түрін және қағаз сапасын таңдаңыз.
6. **Дополнительный** (Қосымша) түймешігін басыңыз.
7. **Возможности принтера** (Принтер мүмкіндіктері) аймағындағы **Да** (Иә) түймешігін **Ең жоғарғы нүктө/дюйм өлшемі** ашылмалы терезесінен таңдаңыз.
8. **Размер бумаги** (Қағаз өлшемі) ашылмалы тізімінен сәйкес қағаз өлшемін таңдаңыз.
9. Жетілдірілген параметрлерді жабу үшін **OK** түймешігін басыңыз.
10. **Направление** (Бағыт) параметрін **Расположение** (Орналасу) қойындысында растап, басып шығару үшін **OK** түймешігін басыңыз.

## Ең үлкен нүктө/дюйм өлшемі арқылы басып шығару (OS X)

1. Бағдарламалық жасақтаманың **Файл (Файл)** мәзірінде **Печать (Басып шығару)** түймесін таңдаңыз.
2. Принтердің таңдалғанын тексеріңіз.
3. Басып шығару опцияларын орнатыңыз.

Басып шығару диалогтық терезесінде опцияларды көрмесеңіз, **Мәліметтерді көрсету** түймесін басыңыз.

 **ЕСКЕРТПЕ:** Келесі параметрлер USB кабеліне жалғанған принтер үшін қол жетімді. Опциялардың орындары әр бағдарламада әртүрлі болады.

- a. **Қағаз өлшемі** қалқыマルы мәзірінен сәйкес қағаз өлшемін таңдаңыз.



**ЕСКЕРТПЕ:** Қағаз өлшемі параметрін өзгертсөңіз, қағаздың дұрыс салынғандығын тексеріңіз және сәйкестендіру үшін принтердің бақылау тақтасына қағаз өлшемін орнатыңыз.

- а. Қалқымалы мәзірден **Қағаз түрі/сапасы** параметрін таңдаңыз, келесі параметрлерді таңдаңыз:
  - **Тип бумаги (Қағаздың түрі):** Сәйкес қағаз түрі
  - **Качество (Сапасы): Ең көп нүктө/дюйм**
4. Басқа да қалаған басып шығару параметрлерін таңдаңыз, **Печать (Басып шығару)** түймешігін басыңыз.

# Дұрыс басып шығару туралы кеңестер

Сәтті басып шығару үшін келесі кеңестерді пайдаланыңыз.

## Сия және қағаз туралы кеңестер

- Тұпнұсқа HP картриджарын пайдаланыңыз. Тұпнұсқа HP картридждары үздіксіз тамаша нәтижелерді алу үшін HP принтерлерінде тексерілген.
- Картридждарда сия бар екенін тексеріңіз. Болжалды сия деңгейлерін көру үшін Басты экранында  (Сия) түймесін басыңыз.  
Картридждермен жұмыс істеу туралы қосымша кеңестерді білу үшін [Картридждармен жұмыс істеу туралы кеңестер \(60-бет\)](#) бөлімінде қосымша ақпаратты қараңыз.
- Біреу ғана емес, қағаз бұмасын салыңыз. Бір өлшемдегі таза және тегіс қағазды пайдаланыңыз. Бір уақытта тек қағаздың бір түрін салыңыз.
- Барлық қағаздарға нық сәйкестендіру үшін қағаз науасындағы қағаз енінің бағыттауыштарын сәйкестендіріңіз. Кіріс науасындағы қағаздың енін бағыттауыштардың майыстырмайтынын тексеріңіз.
- Қағаз науасына салынған қағаздың түрі мен өлшеміне сай басып шығару сапасын және қағаз өлшемі параметрлерін орнатыңыз.

## Принтер параметрлері туралы кеңес

- **Бумага/Качество** (Қағаз/сапа) қойындысында **Tray Selection** (Науаны таңдау) аумағындағы **Носители** (Медиа құралы) ашылмалы тізімнен тиісті қағаз түрін таңдаңыз да, **Quality Settings** (Сапа параметрлері) аймағында тиісті басып шығару сапасын таңдаңыз.
- **Қосымша параметрлер** диалогтық терезесіндегі **Размер бумаги** (Қағаз өлшемі) ашылмалы тізімнен дұрыс қағаз өлшемін таңдаңыз. **Қосымша параметрлер** диалогтық терезесіне кіру үшін **Расположение** (Орналасу) немесе **Қағаз/Сапасы** қойындысындағы **Қосымша** түймешігін басыңыз.
- Әдетті басып шығару параметрлерін өзгерту үшін **Print & Scan** (Принтер, Сканерлеу) түймесін басып, принтердің бағдарламалық құралындағы **Параметрлер** түймесін басыңыз.  
Операциялық жүйенізге байланысты принтердің бағдарламалық жасақтамасын ашу үшін келесілердің біреуін орынданыңыз:
  - **Windows 8.1:** Бастау терезесінің сол жақ төменгі бұрышындағы төмен көрсеткіні басып, принтер атауын таңдаңыз.
  - **Windows 8: Пуск** (Бастау) экранында экрандағы бос аймақты тінтуірдің оң жағымен басып, бағдарламалар панеліндегі **Все программы** (Барлық бағдарламалар) түймесін басып, кейін принтер аты бар белгішені басыңыз.
  - **Windows 7, Windows Vista**, және **Windows XP**: Компьютердің жұмыс үстелінде **Пуск** (Бастау) түймешігін басыңыз, **Все программы** (Барлық бағдарламалар) белгішесін таңдаңыз, **HP** басыңыз, **HP ENVY 5540 series** басыңыз және содан кейін **HP ENVY 5540 series** басыңыз.
- Тек қана қара сияны қолданып, құжатты ақ және қара түсте басып шығаруды қаласаңыз, **Дополнительный** (Қосымша) түймешігін басыңыз. **Печатать как полутоновое** (Сүр реңкте басып шығару) ашылмалы мәзірінен **Только черные чернила** (Тек қана қара сия) параметрін таңдап, **OK** түймешігін басыңыз.

## Принтер параметрлері туралы кеңес

- Басып шығару диалогтық терезесіндегі принтерге жүктелген қағаз өлшемін таңдау үшін **Қағаз өлшемі** қалқымалы мәзірін пайдаланыңыз.
- Басып шығару диалогтық терезесінде **Қағаз түрі/Сапа** қалқымалы мәзірін таңдаңыз және қажетті қағаз түрі мен сапаны таңдаңыз.
- Тек қара сияны пайдаланып қара және ақ құжатты басып шығару үшін қалқымалы мәзірдегі **Қағаз түрі/сапасы** аймағын таңдап, түрлі-түсті қалқымалы мәзірден **Сұр тұс реңктері** параметрін таңдаңыз.

## Жазбалар

- Түпнұсқа HP картридждары HP принтерлері үшін жасалған және үздіксіз тамаша нәтижелерді оңай алу үшін HP принтерлерінде тексерілген.

 **ЕСКЕРТПЕ:** HP компаниясы өздері шығармаған жабдықтардың сапасына немесе сенімді екендігіне кепілдік бере алмайды. HP компаниясы шығармаған жабдықтарды пайдалану нәтижесінен болған принтер қызмет көрсету немесе жөндеу жұмыстары кепілдікке кірмейді.

Егер HP компаниясы шығарған сия картридждарын сатып алғаныңызға сенімді болсаңыз, мына веб-торапқа өтіңіз:

[www.hp.com/go/anticounterfeit](http://www.hp.com/go/anticounterfeit)

- Сия деңгейі ескертулері мен көрсеткіштері тек қана жоспарлау мақсатында ғана анықтауларды береді.

 **ЕСКЕРТПЕ:** Сияның аз қалғандығы туралы ескерту хабарламасын алған кезде, ықтимал басып шығару кешігулерін boldырмай үшін ауыстыратын картридждың болуын қарастырыңыз. Басып шығару сапасы ұнамсыз болмайынша картридждарды ауыстырудың қажеті жоқ.

- Принтер драйверінде таңдалған бағдарламалық құрал параметрлері басып шығару үшін ғана қолданылады, олар көшіру немесе сканерлеу үшін қолданылмайды.
- Құжатты қағаздың екі жағында да басып шығаруға болады.

---

## 4 Веб-қызметтерді қолдану

- [Веб-қызметтері дегеніміз не?](#)
- [Веб-қызметтерді орнату](#)
- [HP ePrint құрылғысымен басып шығару](#)
- [HP арқылы басып шығарылатындар: пайдалану](#)
- [HP Connected веб-торабын пайдалану](#)
- [Веб-қызметтерді жою](#)
- [Веб-қызметтерді пайдалану туралы кеңестер](#)

# Веб-қызметтері дегеніміз не?

## ePrint

- HP ePrint — HP компаниясының HP ePrint қосулы принтерінде кез келген уақытта, кез келген жерде басып шығаруға мүмкіндік беретін ақысыз қызметі. Принтерде веб-қызметтерді қосқан кезде принтерге тағайындалған электрондық пошта мекенжайына электрондық пошта жіберу сияқты қарапайым. Ешбір арнайы драйвер немесе бағдарламалық құрал қажет етілмейді. Электрондық поштаны жібере алатын болсаңыз, **ePrint** қызметін қолданып кез келген жерде басып шығаруға болады.

HP Connected ( [www.hpconnected.com](http://www.hpconnected.com) ) сайтына тіркелгі алуға жазылғаннан кейін **ePrint** жұмыс күйін қарастыруға, **ePrint** принтер кезегін басқаруға, басып шығару үшін принтердің **ePrint** электрондық пошта мекенжайын кім пайдалана алатынын бақылауға, **ePrint** анықтамасын алуға болады.

## HP арқылы басып шығарылатындар:

- HP арқылы басып шығарылатындар принтерден тікелей алдын ала пішімделген веб-мазмұнды оңай орналастыруға және басып шығаруға мүмкіндік береді. Құжаттарды интернетте сандық түрде де сканерлеуге және сақтауға болады.

HP арқылы басып шығарылатындар жаңыя әрекеттері, жаңалықтар, саяхат, спорт, ас әзірлеу, фотосуреттер және т.б. үшін дүкен купондарынан алынған көң акымды мазмұнды береді. Тіптен таңдамалы фотосурет тораптарынан желідегі суреттерді қарап шығуға және басып шығаруға болады.

Сондай-ақ, HP арқылы басып шығарылатындар принтерге бағдарлама мазмұнын жеткізууді жоспарлауға мүмкіндік береді.

Принтерге арналған арнайы жасалған алдын ала пішімделген мазмұн ешбір қыылған мәтіннің немесе суреттердің және мәтіннің бір жолында ешбір қосымша беттердің болмауын білдіреді. Кейбір принтерлерде басып шығаруды алдын ала қарау экранында қағазды және басып шығару сапасының параметрлерін таңдауға болады.

# Веб-қызметтерді орнату

Веб-қызметтерді орнату алдында принтер сымсыз байланысты қолдану арқылы интернетке қосылғандығын тексеріңіз.

Веб-қызметін орнату үшін келесі әдістердің бірін қолданыңыз:

## Принтердің басқару тақтасын пайдаланып веб-қызметтерді орнату

1. Принтердің басқару тақтасының дисплейінен **НР арқылы басып шығарылатындар**: түймесін басыңыз.
2. **Веб-қызметтерді іске қосу** түймесін, содан соң **Иә** түймесін басыңыз.
3. Веб-қызметтерді пайдалану шарттарын қабылдау үшін **Қабылдау** түймесін басып, Веб-қызметтерді қосыңыз.
**ЕСКЕРТПЕ:** Интернетке қосылым болмаса да, енгізілген веб-серверді ашуға және қолдануға болады. Дегенмен, кейбір мүмкіндіктер қолданыста болмайды.

Осы бөлімде төмөндегідей тақырыптар бар:

- [Құралдар жиыны \(Windows\)](#)
- [HP утилитасы \(OS X\)](#)
- [Енгізілген веб-серверді ашыныз](#)
- [«Cookie» файлдары туралы](#)

## Құралдар жиыны (Windows)

Құралдар жинағы принтерге күтім көрсету туралы мәліметтерді береді.



**ЕСКЕРТПЕ:** Компьютер жүйе талаптарына сай келетін болса, құралдар жинағын HP бағдарламалық құрал ықшам дискінен орнатуға болады. Жүйе талаптарын принтермен бірге берілетін HP принтерінің бағдарламалық құралына арналған ықшам дискіде бар «Readme» файлынан табуға болады.

## Құралдар жинағын ашу

1. Операциялық жүйеге қарай келесі әрекеттердің бірін орындаңыз:
  - **Windows 8.1:** Бастау терезесінің сол жақ төменгі бұрышындағы төмен көрсеткіні басып, принтер атауын таңдаңыз.
  - **Windows 8:** Бастау терезесіндегі бос орынды тінтуірдің оң жағымен басып, бағдарламалар жолағындағы **Барлық бағдарламалар** түймесін басып, принтер атауын таңдаңыз.
  - **Windows 7, Windows Vista және Windows XP:** Компьютердің жұмыс үстелінен **Пуск** (Бастау) түймесін басып, **Все программы** (Барлық бағдарламалар) тармағын таңдағып, **HP** түймесін басыңыз, содан соң принтерге арналған қалтаны басып, принтер атауы бар белгішени таңдаңыз.
2. **Print & Scan** (Принтер, Сканерлеу) түймесін басыңыз.
3. **Принтерге күтім жасау** түймесін басыңыз.

## HP утилитасы (OS X)

HP қызыметтік бағдарламасы принтер параметрлерін теңшектін, принтерді теңшектін, желіде жабдықтарға тапсырыс жасайтын және веб-тораптың қолдау көрсететін мәліметтерін табатын құралдарды қамтиды.



**ЕСКЕРТПЕ:** HP қызметтік бағдарламаларында қол жетімді мүмкіндіктер таңдалған принтерге байланысты әртүрлі болады.

Сия деңгейі ескертулері мен көрсеткіштері тек қана жоспарлау мақсатында ғана анықтауларды береді. Сияның аз қалғандығы туралы ескерту хабарламасын алған кезде ықтимал басып шығару кідірістерін болдырмау үшін ауыстыратын картридждің болуын қарастырыңыз. Басып шығару сапасы ұнамсыз болмайынша картридждерді ауыстырудың қажеті жоқ.

Қатты дискінің жоғарғы деңгейіндегі **Бағдарламалар** қалтасының **Hewlett-Packard** қалтасында орналасқан HP утилитасын екі рет басыңыз.

## Енгізілген веб-серверді ашыңыз

Желі немесе Wi-Fi Direct арқылы енгізілген веб-серверге кіре аласыз.

### Желі арқылы енгізілген веб-серверді ашу



**ЕСКЕРТПЕ:** Принтер желіде және оның IP мекенжайы болуы қажет. Принтердің IP мекенжайын Сымсыз белгішесін басу немесе желі конфигурациясының бетін басып шығару арқылы табуға болады.

- Компьютердегі қолдана көрсетілетін веб-шолғышта құрылғыға тағайындалған IP мекенжайды немесе торап атауын енгізіңіз.

Мысалы, IP мекенжайы 192.168.0.12 болса, келесі мекенжайды веб-шолғышқа енгізіңіз: <http://192.168.0.12>.

### Енгізілген веб-серверді Wi-Fi Direct арқылы ашу

1. Басты терезеде (Сымсыз) және кейін (Параметрлер) түймесін басыңыз.
2. Егер дисплей Wi-Fi Direct мүмкіндігінің **Өшірулі** екендігін көрсетсе, **Wi-Fi Direct** түймесін басып, оны қосыңыз.
3. Сымсыз компьютерден сымсыз қосылымды қосып іздеңіз және Wi-Fi Direct атауына қосылыңыз, мысалы: DIRECT-\*\*- HP ENVY-5540 (мұндағы \*\* — принтерді анықтайтын бірегей таңбалар). Сұралған болса, Wi-Fi Direct құпиясөзін енгізіңіз.
4. Компьютеріңіздегі қолдана көрсетілетін веб-шолғышқа келесі мекенжайды енгізіңіз: <http://192.168.0.12>.

## «Cookie» файлдары туралы

Енгізілген веб-сервер шолуды орындаған жатқан кезде қатты дискіге өте кішкентай мәтін файлдарын (cookie) орналастырады. Осы файлдар келесіде кіргенде ендірілген веб-сервердің компьютерді тануына мүмкіндік береді. Мысалы, енгізілген веб-сервердің тілін теңшеген болсаңыз, «cookie» файлдары келесі рет енгізілген веб-серверге кіргенде, беттер сол тілде көрсетілуі үшін таңдалған тілді есте сақтауға көмектеседі. Кейбір «cookie» файлдарын (мысалы, тұтынушы белгілеген параметрлермен сақталатын «cookie» файлдары) қолмен жоймайынша компьютерде сақталады.

Шолғышты барлық «cookie» файлдарын қабылдау үшін теңшеттін етіп немесе қайсы «cookie» файлдарын қабылдау немесе қабылдамау қажеттігін шешуге мүмкіндік беретін, әрбір «cookie» файлы ұсынылған кезде ескертілетін етіп теңшеуге болады. Қажетсіз «cookie» файлдарын жою үшін шолғышты да пайдалануға болады.

Принтерге байланысты «cookie» файлдарын ажырататын болсаңыз, келесі мүмкіндіктердің бірін немесе бірнешеуін ажыратуға болады:

- Бағдарламаны шыққан жерден бастау (әсіресе орнату шеберлерін қолданғанда пайдалы)
- Ендірілген веб-сервер шолғышы тілінің параметрін есте сақтау
- EWS Главная (Басты) бетін жекелеу

Құпиялықты және «cookie» файлының параметрлерін өзгерту әдісі және «cookie» файлдарын қарап шығу немесе жою жолы туралы қосымша ақпаратты веб-шолғышта қол жетімді құжаттамадан қараңыз.

# Желілік принтерді орнату және пайдалану туралы кеңестер

Желілік принтерді орнату және пайдалану үшін келесі кеңестерді пайдаланыңыз:

- Сымсыз желілік принтерді орнатқанда, сымсыз маршрутизатор қосылғанын тексеріңіз. Принтер сымсыз маршрутизаторларды іздейді, содан кейін дисплейде анықталған желі атауларын тізеді.

 **ЕСКЕРТПЕ:** Егер принтерде сымсыз байланыс орнатылмаған болса, Сымсыз орнату шеберін қосу үшін принтер дисплейіндегі  (Сымсыз) түймесін, кейін  (Параметрлер) түймесін басыңыз.

- Принтерде сымсыз байланысты тексеру үшін басқару тақтасында  (Сымсыз) түймесін тұртпін, Сымсыз желі түйіні мәзірін ашыңыз. Егер ол **Wireless Off** Сымсыз желі өшірүлі) немесе **Not Connected** (Қосылмаған) күйін көрсетсе,  (Settings) (Параметрлер) кейін **Wireless Setup Wizard** (Сымсыз орнату шебері) түймесін басыңыз. Принтердің сымсыз байланысын орнату үшін экрандағы нұсқауларды орындаңыз.
- Егер компьютеріңіз виртуалды жеке желіге (VPN) қосылған болса, желідегі кез келген басқа құрылғыға, соның ішінде принтерге қатынасу алдында VPN желісін ажырату керек.
- Желінің және принтердің сымсызып шығаруға тәңшеу туралы қосымша мәліметтер. [Қосымша ақпарат үшін желігে өту мақсатында осы жерді басыңыз](#).
- Желінің қауіпсіздік параметрлерін білу туралы мәліметтер. [Қосымша ақпарат үшін желігে өту мақсатында осы жерді басыңыз](#).
- USB түрінен сымсыз қосылым түріне өзгерту әдісі туралы мәліметтер. [Қосымша ақпарат үшін желігে өту мақсатында осы жерді басыңыз](#).
- Принтерді орнату кезінде брандмауэр және вирусқа қарсы бағдарламалармен жұмыс істеу туралы мәліметтер. [Қосымша ақпарат үшін желігে өту мақсатында осы жерді басыңыз](#).

---

## 8 Мәселені шешу

Осы бөлімде төмөндегідей тақырыптар бар:

- [Кептелістер және қағаз беру қуралының ақаулары](#)
- [Сия картриджіндегі ақаулар](#)
- [Басып шығару ақаулары](#)
- [Көшіру ақаулары](#)
- [Сканерлеу ақаулары](#)
- [Желі және байланыс ақаулары](#)
- [Принтер жабдығының ақаулары](#)
- [HP қолдау қызметі](#)

# Кептелістер және қағаз беру құралының ақаулары

Не істегіңіз келеді?

## Қағаз кептелістерінен тазалау

<a href="#">Қағаз кептелісін ақауларын жою</a>	HP ақауды онлайн жою шеберін пайдаланызыз. Принтердегі немесе автоматты қағаз беру құралындағы кептелісті тазалау және қағазбен немесе қағаз беру құралымен байланысты ақауларды жою бойынша нұсқаулықтар.
--	---



**ЕСКЕРТПЕ:** HP ақауды онлайн жою шеберлері барлық тілдерде қол жетімді болмауы мүмкін.

## Қағаз кептелулерін тазалау үшін Анықтамадағы жалпы нұсқауларды оқу

Қағаздың кептелуі принтер ішіндегі бірнеше орында пайда болуы мүмкін.



**ЕСКЕРТУ:** Бастиекке келетін ықтимал зақымның алдын алу үшін қағаз кептелісін мүмкіндігінше жылдам тазалаңыз.

## Ішкі қағаз кептелісін тазалау




**ЕСКЕРТУ:** Кептелген қағазды принтердің алдынан тартпаңыз. Оның орнына, кептелісті жоюға қатысты төмендегі қадамдарды орындаңыз. Принтердің алдынан кептелген қағазды тартсаңыз, қағаздың жыртылып, жартысы принтердің ішінде қалып қоюы мүмкін; кейін бұл қайта кептеліс тудыруы мүмкін.


1. Принтерді өшіру үшін (Қуат түймесін) басыңыз.
2. Сия картриджына кіру есігін ашыңыз.



3. Принтердің ішіндегі қағаздың жолын тексеріңіз.
  - a. Қағаз жолының қақпағындағы тұтқаны көтеріп, қақпақты алыңыз.



- a. Кептелген қағазды принтердің ішінен тауып, екі қолыңызben оны ұстаңыз да, өзіңізге қарай тартыңыз.



**⚠️ ЕСКЕРТУ:** Шығыршықтардан шығарып алған кезде қағаз жыртылып кетсе, шығыршықтар мен дөңгелектерде принтердің ішінде қалып қоюы мүмкін қағаз қалдықтарының жоқ, екендігін тексеріңіз.

Принтерден қағаз бөліктегінің барлығын алып тастамасаңыз, көбірек қағаз кептелісі туындауы мүмкін.

6. Қағаз жолының қақпағы орнына түскенше оны салыңыз.
4. Проблема шешілмесе, принтердің ішіндегі басып шығару караткасын тексеріңіз.


**⚠️ ЕСКЕРТУ:** Процесс барысында басып шығару караткасына жалғанған кабельге тиіп кетпеніз.

- a. Кептеліп қалған қағаз болса, басып шығару караткасын алысырақ принтердің оң жағына жылжытып, екі қолыңызben кептелген қағазды ұстаңыз да, оны өзіңізге қарай тартыңыз.

**⚠️ ЕСКЕРТУ:** Шығыршықтардан шығарып алған кезде қағаз жыртылып кетсе, шығыршықтар мен дөңгелектерде принтердің ішінде қалып қоюы мүмкін қағаз қалдықтарының жоқ екендігін тексеріңіз.

Принтерден қағаз бөліктегінің барлығын алып тастамасаңыз, кебірек қағаз кептелісі туындауы мүмкін.


- a. Картриджаны алысырақ принтердің сол жағына жылжытып, қағаздың қалдығын алу үшін алдыңғы қадамдағыдай әрекетті орындаңыз.
5. Сия картриджына кіру есігін жабыңыз.
6. Проблема әлі де шешілмесе, науа аумағын тексеріңіз.
  - a. Шығыс науасын ұзарту үшін оны тартыңыз.



- a. Принтердің төменгі жағын көрсету үшін принтерді бүйір жағына мұқият аудыстырыңыз.
6. Кіріс науасы орналасқан принтердің саңылауын тексеріңіз. Кептеліп қалған қағаз болса, саңылауға қолыңызды салып, қағазды екі қолыңызбен ұстаңыз да, өзіңізге қарай тартыңыз.

**⚠️ ЕСКЕРТУ:** Шығыршықтардан шығарып алған кезде қағаз жыртылып кетсе, шығыршықтар мен дөңгелектерде принтердің ішінде қалып қоюы мүмкін қағаз қалдықтарының жоқ екендігін тексеріңіз.

Принтерден қағаздың барлық қалдықтарын алып тастамасаңыз, қағаз жиі кептеліп қалуы мүмкін.



- в. Принтерді үстіңгі жағына қайтадан мұқият бұрыңыз.
- г. Қағаз науасын кері итеріңіз.
7. Принтерді қосу үшін  (Куат түймесін) қайта басыңыз.

## Принтер кареткасының кептелісін тазалау

[Принтер кареткасы кептелісінің ақауын жою](#)

НР ақауды онлайн жою шеберін пайдаланыңыз.

Егер бір нәрсе принтер кареткасына кедергі келтіріп тұрса немесе ол оңай жылжымаса, қадамдық нұсқауларды орындаңыз.



**ЕСКЕРТПЕ:** НР ақауды онлайн жою шеберлері барлық тілдерде қол жетімді болмауы мүмкін.

### Басып шығару кареткасының кептелулерін тазалау үшін Анықтамадағы жалпы нұсқауларды оқу

1. Басып шығару кареткасын бұғаттайтын қағаз сияқты заттарды алышыз.



**ЕСКЕРТПЕ:** Кептелген қағазды алғы тастау үшін кез келген құралды немесе басқа құрылғыларды пайдаланбаңыз. Принтер ішінен кептелген қағазды алғанда әрқашан сақ болышыз.

2. Басып шығару дисплейінен анықтама алу үшін басты экранда **Анықтама** тармағын тұртіңіз. Жылжу түймешігін басып анықтама бөлімдерінде жылжып, **Ақаулықтарды жою және қолдау** тармағын, содан кейін **Каретка кептелісін тазалау** пәрменін тұртіңіз.

## Қағаз кептелістерін болдырmaу əдісі

Қағаз кептелістерінен құтылу мақсатында көмек алу үшін осы нұсқауларды орындаңыз.

- Басып шығарылған қағаздарды жайлап шығыс науасынан алғы тастаңыз.
- Басып шығару үшін мыжылған, бүгілген немесе зақымдалған қағазды пайдаланып жатпағанызызды тексеріңіз.
- Бұратылуды немесе мыжытуды болдырmaу үшін барлық қолданылмаған қағазды тегіс жабық қалтада сақтаңыз.
- Принтер үшін тым қалың немесе тым жұқа қағазды қолданбаңыз.
- Науалардың дұрыс жүктелгенін және тым көп жүктелмегенін тексеріңіз. Қосымша ақпарат алу үшін [Медиа құралын жүктеу \(10-бет\)](#) бөлімін қараңыз.
- Кіріс науасына жүктелген қағаздардың тегіс орналасуын және ұштары бүгілмеуін не жыртылмауын қамтамасыз етіңіз.
- Кіріс науасындағы әртүрлі қағаз түрлерін және қағаз өлшемдерін біріктірменіз; кіріс науасындағы қағаздың барлығы бірдей өлшемде және түрде болуы қажет.
- Барлық қағаздарға нық сәйкестендіру үшін кіріс науасындағы қағаз енінің бағыттауыштарын реттеңіз. Кіріс науасындағы қағаздың қағаздың енін бағыттауыштардың майыстырмайтынын тексеріңіз.

- Қағазды кіріс науасының ішіне қарай тым қатты итерменеңіз.
- Егер беттің екі жағында да басып шығаратын болсаңыз, жеңіл салмақты бетте аса қанық суреттерді басып шығармаңыз.
- Принтер үшін ұсынылған қағаз түрлерін қолданыңыз. Қосымша ақпарат алу үшін [Қағаз негізгілері \(7-бет\)](#) бөлімін қараңыз.
- Принтерде қағаз бітейін деп тұрса, алдымен принтерге қағаздың қалғанын қолдануына рұқсат беріп, одан кейін қағазды қосыңыз. Принтер басып шығарып жатқанда қағаз салмаңыз.

## Қағаз беру ақауларын шешу

Сізде қандай мәселе бар?

- **Қағаз науадан алынбайды**
  - Қағаз науаға салынғанын тексеріңіз. Қосымша ақпарат алу үшін [Медиа құралын жүктеу \(10-бет\)](#) бөлімін қараңыз. Қағазды салмас бұрын қағып алыңыз.
  - Қағаз енін бағыттауыштарын салып жатқан қағаз өлшемі үшін науадағы дұрыс белгіге орнатыңыз. Қағаз бағыттауыштарының жиынтық үшін ыңғайлы, бірақ нығыз еместігін тексеріңіз.
  - Науадағы қағаздың бұратылып қалмағанын тексеріңіз. Қағаздың бұралған жағын қарсы бағытта майыстырып, оны түзетіңіз.
- **Беттер жылжып кеткен**
  - Кіріс науасына салынған қағаздың қағаз енін бағыттауыштарына реттелгенін тексеріңіз. Қажет болғанда, принтерден кіріс науасын шығарып алыңыз да, қағаз бағыттауыштарының дұрыс реттелгенін тексереп отырып, қағазды дұрыс қайта салыңыз.
  - Қағазды принтерде басып шығару процесі жүріп жатпағанда салыңыз.
- **Бірнеше бет алынып жатыр**
  - Қағаз енін бағыттауыштарын салып жатқан қағаз өлшемі үшін науадағы дұрыс белгіге орнатыңыз. Қағаз енін бағыттауыштарының жиынтық үшін ыңғайлы, бірақ нығыз еместігін тексеріңіз.
  - Науаға тым көп қағаз жүктелмегенін тексеріңіз.
  - Жақсы әрі тиімді жұмыс істеу үшін HP қағазын пайдаланыңыз.

## Сия картриджіндегі ақаулар

Егер қате картридж орнатылғаннан кейін де қайталанса немесе хабарлама картриджге қатысты ақауды тауып тұrsa, сия картриджін алып тастауға тырысыңыз, қорғаушы пластикалық таспа бөлшегінің әрбір сия картриджінен алынғанын және сия картриджін қайта қойғаныңызды тексеріңіз. Бұл жұмыс істемесе, картридж контактілерін тазалаңыз. Егер мәселе әлі шешілмесе, сия картридждерін ауыстырып көріңіз. Сия картридждерін ауыстыру туралы ақпарат алу үшін [Картридждарды ауыстыру \(53-бет\)](#) бөлімін қараңыз.


### Сия картриджының түйіспелерін тазалау

**! ЕСКЕРТУ:** Тазалау процесі бірнеше минутты ғана алады. Сия картридждарының құрылғыға мүмкіндігінше қайта орнатылғанына көз жеткізіңіз. Сия картридждарын құрылғының сыртында 30 минуттан көп уақыт бойы қалдыру ұсынылмайды. Бұл сия картридждарына зақым келтіруі мүмкін.

1. Куат қосулы тұрғанын тексеріңіз.
2. Картридждың кіру есігін ашыңыз.



3. Ақау хабарында көрсетілген картриджды шығарыңыз.
4. Сия картриджының астын жоғары қаратып екі жағынан ұстаңыз және сия картриджының электр түйіспелерін табыңыз. Электр контактілері — сия картриджындағы шағын сары түсті нүктелер.



Мүмкіндік	Сипаттама
1	Электр түйіспелері

5. Түйіспелерді тек түгі жоқ шүберекпен сұртіңіз.

**! ЕСКЕРТУ:** Тек түйіспелерді ұстаңыз және сияны немесе сияны немесе басқа бөтен заттарды картридждың ішіне жақпаңыз.

6. Принтердің ішкі жағында басып шығару механизміндегі контактілерді табыңыз. Контактілер сия картриджындағы контактілермен сәйкес келуі үшін орналастырылған сары түсті шығыңқы жерлердің жиынына үқсайды.
7. Түйіспелерді сұрту үшін құрғақ мақтаны немесе түкіз шүберекті пайдаланыңыз.
8. Сия картриджын қайта орнатыңыз.

- 9.** Кірү есігін жауып, қате хабарламасының жойылғанын тексеріңіз.
- 10.** Қате хабарламасын алсаңыз, құрылғыны өшіріңіз және қайтадан қосыңыз.



**ЕСКЕРТПЕ:** Егер бір сия картриджында ақау шықса, оны алып тастап, тек бір картридж бар HP ENVY 5540 series принтерін жалғыз картриджды режимде пайдалана аласыз.

# Басып шығару ақаулары

Не істегіңіз келеді?

## Мәселелерді басып шығарылмайтын (басып шығару келмейтін) қағазбен түзету

<a href="#">HP Print and Scan Doctor</a>	HP Print and Scan Doctor - ақауды автоматты диагностикадан өткізіп және түзетіп көретін утилита.
<a href="#">Басып шығарылмайтын басып шығару жұмыстары мәселелерін шешу</a>	HP ақауды онлайн жою шеберін пайдаланыңыз. Принтер жауп бермесе немесе басып шығармаса, қадамдық нұсқауларды орындаңыз.



**ЕСКЕРТПЕ:** HP Print and Scan Doctor және HP ақауды онлайн жою шеберлері барлық тілдерде қол жетімді болмауы мүмкін.

## Басып шығару ақаулары үшін Анықтамадағы жалпы нұсқауларды оқу

### Басып шығару кезіндегі ақауларды жою

Принтердің қосылып тұрғанын және науаға қағаз салынғанын тексеріңіз. Егер әлі басып шығару мүмкін болмаса, тәмендегі әрекеттерді мына кезекте орындаңыз:

1. Принтер дисплейінен қате туралы хабарларды тексеріп және оларды экрандағы нұсқауларға қарап шешіңіз.
2. Егер принтерге компьютер USB кабелі арқылы қосылса, USB кабелін өшіріп және қайта қосыңыз. Егер принтерге қмпьютер сымсыз байланыс арқылы қосылса, байланыс жұмыс істеп тұрғанын тексеріңіз.
3. Принтердің тоқтатылмағанын немесе желіге қосылмағанын растаңыз.

### Принтер тоқтатылмағанын немесе желіге қосылмағанын растау үшін

- a. Операциялық жүйеге қарай келесі әрекеттердің бірін орындаңыз:

- **Windows 8.1** және **Windows 8**: Шебер түймелер тақтасын ашу үшін экранның жоғарғы оң жақ бұрышына мензөңіз немесе түртіңіз, **Параметрлер** белгішесін басыңыз, **Басқару тақтасын** басыңыз немесе түртіңіз, содан соң **Құрылғылар мен принтерлерді қарau** тақтасын басыңыз немесе түртіңіз.
  - **Windows 7**: Windows жүйесінің **Пуск** (Бастау) мәзірінен **Устройства и принтеры** (Құрылғылар және принтерлер) пәрменін басыңыз
  - **Windows Vista**: Windows жүйесінің **Пуск** (Бастау) мәзіріндегі **Панель управления** (Басқару тақтасы) параметрін басып, **Принтеры** (Принтерлер) түймешігін басыңыз.
  - **Windows XP**: Windows жүйесіндегі **Пуск** (Бастау), **Панель управления** (Басқару тақтасы), **Принтеры и факсы** (Принтерлер және факттар) тармақтарын таңдаңыз.
- а. Принтер белгішесін екі рет басыңыз немесе принтер белгішесін тінтуірдің оң жақ түймешігімен басыңыз және басып шығару кезегін ашу үшін **Басылып шығарылғандарды көру** пәрменін таңдаңыз.

- Принтер** мәзірінде **Басып шығаруды тоқтату** немесе **Принтерді желіге қоспай пайдалану** параметрлерінің жаңына белгі қойылғанына көз жеткізіңіз.
  - Егер кез келген өзгертулер енгізілген болса, қайта басып шығаруға әрекет жасаңыз.
- Принтер әдепкі принтер деп орнатылғанын тексеріңіз.

#### **Принтер әдепкі принтер деп орнатылғанын тексеру үшін**

- Операциялық жүйеге қарай келесі әрекеттердің бірін орындаңыз:
  - **Windows 8.1** және **Windows 8**: Шебер түймелер тақтасын ашу үшін экранның жоғарғы оң жақ бұрышына мензеніз немесе түртіңіз, **Параметрлер** белгішесін басыңыз, **Басқару тақтасын** басыңыз немесе түртіңіз, содан соң **Құрылғылар мен принтерлерді қарастыру** тақтасын басыңыз немесе түртіңіз.
  - **Windows 7**: Windows жүйесінің **Пуск** (Бастау) мәзірінен **Устройства и принтеры** (Құрылғылар және принтерлер) пәрменін басыңыз
  - **Windows Vista**: Windows жүйесінің **Пуск** (Бастау) мәзіріндегі **Панель управления** (Басқару тақтасы) параметрін басып, **Принтеры** (Принтерлер) түймешігін басыңыз.
  - **Windows XP**: Windows жүйесіндегі **Пуск** (Бастау), **Панель управления** (Басқару тақтасы), **Принтеры и факсы** (Принтерлер және факттар) тармақтарын таңдаңыз.
- Әдепкі принтер ретінде дұрыс принтер орнатылғанына көз жеткізіңіз.  
Әдепкі принтердің жаңында қара немесе жасыл дөңгелекке белгі қойылған.
- Басқа принтер әдепкі принтер ретінде орнатылса, дұрыс принтерді тінтуірдің оң жақ түймешігімен басыңыз және **Әдепкі принтер ретінде орнату** пәрменін таңдаңыз.
- Принтерді қайтадан қолданып көріңіз.

5. Принтердегі спулер бағдарламасын қайта іске қосыңыз.

#### **Принтердегі спулер бағдарламасын қайта іске қосу**

- Операциялық жүйеге қарай келесі әрекеттердің бірін орындаңыз:
  - Windows 8.1** және **Windows 8**
    - i. Charms bar тақтасын ашу үшін экранның жоғары оң жағын көрсетіңіз немесе түртіңіз және содан кейін **Параметры** (Параметрлер) белгішесін басыңыз.
    - ii. **Панель управления** (Басқару панелі) түймешігін басыңыз немесе түртіңіз және **Система и безопасность** (Жүйе және қауіпсіздік) түймешігін басыңыз немесе түртіңіз.
    - iii. **Инструменты администрирования** (Әкімшілік құралдар), түймешігін басыңыз немесе түртіңіз және содан кейін **Службы** (Қызметтер) белгішесін екі рет басыңыз немесе түртіңіз.
    - iv. **Принтердегі спулер бағдарламасы** түймешігінің үстінен тінтуірдің оң жағымен басып үстап тұрыңыз және **Сипаттарат** түймешігін басыңыз.

- v. **Жалпы қойындысындағы Іске қосу түрі** параметрінің жаңында **Автоматты** параметрі таңдалғанына көз жеткізіңіз.
- vi. Қызмет іске қосылмаған болса, **Қызмет қүйі** астындағы **Бастау** түймешігін басыңыз немесе тұртіңіз, кейін **OK** түймешігін басыңыз немесе тұртіңіз.

### Windows 7

- i. Windows жүйесіндегі **Бастау** мәзіріндегі **Басқару тақтасы**, **Жүйе** және қауіпсіздік түймешігін басып, **Әкімшілік құралдар** түймешігін басыңыз.
- ii. **Қызметтер** түймешігін екі рет басыңыз.
- iii. **Принтердегі спулер бағдарламасы** түймешігінің үстінен тінтуірдің оң жағымен басып, **Сипаттар** түймешігін басыңыз.
- iv. **Жалпы қойындысындағы Іске қосу түрі** параметрінің жаңында **Автоматты** параметрі таңдалғанына көз жеткізіңіз.
- v. Қызмет іске қосылмаған болса, **Қызмет қүйі** астындағы **Бастау** түймешігін басыңыз, кейін **OK** түймешігін басыңыз.

### Windows Vista

- i. Windows жүйесіндегі **Бастау** мәзіріндегі **Басқару тақтасы**, **Жүйе және қызмет көрсету**, **Әкімшілік құралдар** түймешігін басыңыз.
- ii. **Қызметтер** түймешігін екі рет басыңыз.
- iii. **Принтердегі спулер қызметін** тінтуірдің оң жақ түймешігімен басып, **Сипаттар** түймешігін басыңыз.
- iv. **Жалпы қойындысындағы Іске қосу түрі** параметрінің жаңында **Автоматты** параметрі таңдалғанына көз жеткізіңіз.
- v. Қызмет іске қосылмаған болса, **Қызмет қүйі** астындағы **Бастау** түймешігін басыңыз, кейін **OK** түймешігін басыңыз.

### Windows XP

- i. Windows жүйсіндегі **Бастау** мәзіріндегі **Менің компьютерім** қалтасын тінтуірдің оң жақ түймешігімен басыңыз.
- ii. **Басқару** түймешігін басып, **Қызметтер және бағдарламалар** түймешігін басыңыз.
- iii. **Қызметтер** түймешігін екі рет басып, **Принтердегі спулер бағдарламасын** таңдаңыз.
- iv. **Принтердегі спулер бағдарламасын** тінтуірдің оң жақ түймешігімен басып, қызметті қайта іске қосу үшін **Қайта іске қосу** түймешігін басыңыз.
  - ә. Әдепкі принтер ретінде дұрыс принтер орнатылғанына көз жеткізіңіз.  
Әдепкі принтердің жаңында қара немесе жасыл дөңгелекке белгі қойылған.
- 6. Басқа принтер әдепкі принтер ретінде орнатылса, дұрыс принтерді тінтуірдің оң жақ түймешігімен басыңыз және **Әдепкі принтер ретінде орнату** пәрменін таңдаңыз.
- v. Принтерді қайтадан қолданып көріңіз.


6. Компьютерді қайта іске қосыңыз.
7. Басып шығару кезегін тазалау

#### **Басып шығару кезегін тазалау үшін**

- a. Операциялық жүйеге қарай келесі әрекеттердің бірін орындаңыз:
  - **Windows 8.1 және Windows 8:** Шебер түймелер тақтасын ашу үшін экранның жоғарғы оң жақ бұрышына мензеніз немесе түртіңіз, **Параметрлер** белгісін басыңыз, **Басқару тақтасын** басыңыз немесе түртіңіз, содан соң **Құрылғылар мен принтерлерді қарастырыңыз** тақтасын басыңыз немесе түртіңіз.
  - **Windows 7:** Windows жүйесінің **Пуск** (Бастау) мәзірінен **Устройства и принтеры** (Құрылғылар және принтерлер) пәрменін басыңыз
  - **Windows Vista:** Windows жүйесінің **Пуск** (Бастау) мәзіріндегі **Панель управления** (Басқару тақтасы) параметрін басып, **Принтеры** (Принтерлер) түймешігін басыңыз.
  - **Windows XP:** Windows жүйесіндегі **Пуск** (Бастау), **Панель управления** (Басқару тақтасы), **Принтеры и факсы** (Принтерлер және факттар) тармақтарын таңдаңыз.
- а. Басып шығару кезегін ашу үшін принтер белгішесін екі рет басыңыз.
- б. **Принтер** мәзірінде **Отменить все документы** (Барлық құжаттарды болдырмай) немесе **Очистить печать документа** (Баспа құжатын тазарту) тармағын таңдалап, растау үшін **Да** (Иә) түймешігін басыңыз.
- в. Кезекте құжаттар бар болса, компьютерді қайта іске қосыңыз және компьютер қайта іске қосылғаннан кейін қайтадан басып шығарыңыз.
- г. Басып шығару кезегінің таза екеніне көз жеткізу үшін, оны қайтадан тексеріңіз және қайтадан басып шығарып көріңіз.

#### **Куат қосылымын тексеру және принтерді қалпына келтіру**

1. Куат сымы принтерге берік қосылғанын тексеріңіз.



1 Принтердің куат қосылымы

2 Куат розеткасына қосылым

2. Принтердің ішін қараңыз және принтердің қуатты алғып жатқанын көрсететін жасыл шамды тексеріңіз. Егер ол жаңбай тұрса, сымның принтерге толығымен қосылғанын тексеріңіз немесе басқа куат розеткасына қосыңыз.
3. Принтерді қосу үшін On (Қосу) түймешігін тексеріңіз. Егер ол жаңбаса, принтер өшірүлі. Принтерді қосу үшін On (Қосу) түймешігін басыңыз.



**ЕСКЕРТПЕ:** Егер принтер қуатты алғып жатпаса, оны басқа қуат розеткасына қосыңыз.

4. Принтер қосулы түрде қуат сымын картриджға қатынасу есігінің астындағы принтер жағынан қуат сымын ажыратыңыз.
5. Қуат сымын қабырға розеткасынан сұрыңыз.
6. Кемінде 15 секунд күтіңіз.
7. Қуат сымын қайтадан қабырға розеткасына қосыңыз.
8. Қуат сымын картриджға қатынасу есірі астында принтердің бүйіріне қайтадан қосыңыз.
9. Принтер өзі қосылмаса, қосу үшін принтердегі On (Қосу) түймешігін басыңыз.
10. Принтерді қайтадан пайдаланып көріңіз.

## Басып шығару сапасының мәселелерін түзету

[Көптеген басып шығару сапасы ақауларын шешуге арналған қадамдық нұсқаулар](#)

Басып шығару сапасының мәселелерін онлайн шешіңіз.

## Басып шығару сапасы мәселелерін шешу үшін Анықтамадағы жалпы нұсқауларды оқу



**ЕСКЕРТПЕ:** Басып шығару сапасы мәселелерін болдырмау үшін әрқашан **Қосулы** түймесін пайдаланып принтерді өшіріңіз, сейтіп ашаны суыру немесе қуат сымын өшіру алдында **Қосулы** түймесінің шамы өшкенше күтіңіз. Бұл принтерге картридждарды құрғаудан қорғалған болатын жабылған күйге жылжытуға мүмкіндік береді.

### Басып шығару сапасын жақсарту

1. Тұпнұсқа HP сия картридждарын пайдаланып отырғаныңызды тексеріңіз.
2. Бағдарламалық құралда **Медиа** ашылмалы тізімінен сәйкес қағаз түрін және **Quality Settings** (Сапа параметрлері) ашылмалы тізімінен басып шығару сапасын таңдағаныңызға көз жеткізу үшін тексеріңіз.
  - принтер бағдарламалық құралы бағдарламасында басып шығару сипаттарына кіру үшін **Print & Scan** (Принтер, Сканерлеу) түймесін басып, **Параметрлерді орнату** түймесін басыңыз.
3. Анықталған сия деңгейлерін картридждарда сияның аз екенін анықтау үшін тексеріңіз. Қосымша ақпарат алу үшін [Анықталған сия деңгейлерін тексеру \(52-бет\)](#) бөлімін қараңыз. Сия картридждарында сия аз болса, оларды ауыстырыңыз.
4. Қағаз түрін тексеріңіз.

Жақсы сапаға қол жеткізу үшін жоғары сапалы HP қағазын немесе ColorLok® стандартты қағаздарын пайдаланыңыз. Қосымша ақпарат алу үшін [Қағаз негізгілері \(7-бет\)](#) бөлімін қараңыз.

Әрқашан басып шығарып жатқан қағаздың тегіс екенін тексеріңіз. Суреттерді басып шығарғанда жақсы нәтижеге қол жеткізу үшін HP жетілдірілген фотосурет қағазын пайдаланыңыз.

Арнайы медиа құралын өз бумасында, жабық полиэтилен қалтасының ішінде салқын, құрғак, тегіс жерде сақтаңыз. Басып шығаруға дайын болғанда, пайдалануды жоспарлаған қағазды ғана дерек шығарып алыңыз. Басып шығаруды аяқтаған кезде, қолданылмаған фотосурет қағазын


полиэтилен қалтасына салып қойыңыз. Бұл фотосурет қағазының шиыршықталып қалмауына мүмкіндік береді.

**5. Картридждерді туралау.**

**принтер бағдарламалық құралы бағдарламасынан картридждарды туралау үшін**

 **ЕСКЕРТПЕ:** Картридждарды туралау жоғары сапалы өнімнің шығуына мүмкіндік береді. HP All-in-One принтері жаңа картриджды орнатқан сайын картридждарды туралауды сұрайды. Бірдей сия картриджын алғып тастап, қайта орнатсаңыз, HP All-in-One принтері сия картридждарын туралау керектігін сұрамайды. HP All-in-One принтері сия картриджы үшін туралау мәндерін сақтайды, сондықтан сия картридждарын қайта туралау қажет болмайды.

- a. Қағаз наусына хат немесе қолданылмаған қарапайым A4 ақ қағазды салыңыз.
- a. Операциялық жүйеге қарай принтер бағдарламалық құралы ашу үшін келесі әрекеттердің бірін орындаңыз:
  - **Windows 8.1:** Бастау терезесінің сол жақ төменгі бұрышындағы төмен көрсеткіні басып, принтер атауын таңдаңыз.
  - **Windows 8:** Бастау терезесіндегі бос орынды тінтуірдің оң жағымен басып, бардарламалар жолағындағы **Барлық бағдарламалар** түймесін басып, принтер атауын таңдаңыз.
  - **Windows XP, Windows Vista және Windows 7:** Компьютердің жұмыс үстелінен **Пуск** (Бастау) түймесін басып, **Все программы** (Барлық бағдарламалар) тармағын таңдалап, **HP** түймесін басыңыз, содан соң принтерге арналған қалтаны басып, принтер атауы бар белгішені таңдаңыз.
- b. принтер бағдарламалық құралы бағдарламасында **Print & Scan** (Принтер, Сканерлеу) параметрін басып, **Панель инструментов принтера** (Принтер құралдар тақтасы) параметріне кіру үшін **Обслуживание принтеров** (Принтерге қызмет көрсету) параметрін басыңыз.
- b. **Принтердің құралдар тақтасы** тармағында **Device Services** (Құрылғы қызметтері) қойындысында **Align Ink Cartridges** (Сия картридждарын туралау) пәрменін таңдаңыз. Принтер туралау парағын басып шығарады.
- g. Картридждың туралау парағын сканер шынысының алдыңғы оң жақ бұрышына басып шығару бетін төмен қаратып салыңыз.



- f. Картридждарды туралау үшін принтер дисплейіндегі нұсқауларды орындаңыз. Картридждың туралау парағын жойыңыз немесе алғып тастаңыз.

## **Картридждарды принтер дисплейінен туралау**

- a. Кіріс науасына қолданылмаған Letter немесе қарапайым A4 ақ қағазын салыңыз.
- ә. Принтердің басқару тақтасының дисплейінен **Теңшеу** түймесін басыңыз.
- 6. Басып шығару механизмін туралау** тармағын таңдал, экрандағы нұсқауларды орындаңыз.
- 6.** Картридждар сиясы аз болса, диагностикалық бетті басып шығарыңыз.

## **принтер бағдарламалық құралы мәзірінен диагностикалық бетті басып шығару**

- a. Қағаз науасына хат немесе қолданылмаған қарапайым A4 ақ қағазды салыңыз.
- ә. Операциялық жүйеге қарай принтер бағдарламалық құралы ашу үшін келесі әрекеттердің бірін орындаңыз:
  - **Windows 8.1:** Бастау терезесінің сол жақ төменгі бұрышындағы төмен көрсеткіні басып, принтер атауын таңдаңыз.
  - **Windows 8:** Бастау терезесіндегі бос орынды тінтуірдің оң жағымен басып, барадарламалар жолағындағы **Барлық бағдарламалар** түймесін басып, принтер атауын таңдаңыз.
  - **Windows XP, Windows Vista** және **Windows 7:** Компьютердің жұмыс үстелінен **Пуск** (Бастау) түймесін басып, **Все программы** (Барлық бағдарламалар) тармағын таңдал, **HP** түймесін басыңыз, содан соң принтерге арналған қалтаны басып, принтер атауы бар белгішені таңдаңыз.
- 6.** принтер бағдарламалық құралы бағдарламасында **Print & Scan** (Принтер, Сканерлеу) параметрін басып, принтер құралдар тақтасы параметріне кіру үшін **Обслуживание принтеров** (Принтерге қызмет көрсету) параметрін басыңыз.
- 6.** Диагностикалық бетті басып шығару үшін **Құрылғы туралы есептер** қойындысындағы **Диагностика туралы ақпаратты басып шығару** параметрін басып шығарыңыз. Диагностикалық беттегі көк, қызыл күрен, сары және қара қораптарды қарап шығыңыз. Түрлі-түсті немесе қара қораптардан жолақтарды көрсөніз немесе қортап бөлігінде сия болмаса, картридждарды автоматты түрде тазалаңыз.

## **Принтер дисплейінен диагностикалық бетті басып шығару үшін**

- a. Қағаз науасына хат немесе қолданылмаған қарапайым A4 ақ қағазды салыңыз.
- ә. Принтердің басқару тақтасындағы **Теңшеу** түймесін басыңыз.
- 6. Отчет о качестве печати** (Басып шығару сапасы туралы есеп) түймесін түртіңіз.
- 7.** Диагностикалық бет жолақтарды немесе түрлі-түсті немесе қара қораптардың бос бөлігін көрсете, сия картридждарын автоматты түрде тазалаңыз.

## **принтер бағдарламалық құралы бағдарламасынан картридждарды тазалау үшін**

- a. Қағаз науасына хат немесе қолданылмаған қарапайым A4 ақ қағазды салыңыз.
- ә. Операциялық жүйеге қарай принтер бағдарламалық құралы ашу үшін келесі әрекеттердің бірін орындаңыз:

- **Windows 8.1:** Бастау терезесінің сол жақ төменгі бұрышындағы төмен көрсеткіні басып, принтер атауын таңдаңыз.
  - **Windows 8:** Бастау терезесіндегі бос орынды тінтуірдің оң жағымен басып, бардарламалар жолағындағы **Барлық бағдарламалар** түймесін басып, принтер атауын таңдаңыз.
  - **Windows XP, Windows Vista және Windows 7:** Компьютердің жұмыс үстелінен **Пуск** (Бастау) түймесін басып, **Все программы** (Барлық бағдарламалар) тармағын таңдап, **HP** түймесін басыңыз, содан соң принтерге арналған қалтаны басып, принтер атауы бар белгішені таңдаңыз.
- 6.** принтер бағдарламалық құралы бағдарламасында **Print & Scan** (Принтер, Сканерлеу) параметрін басып, **Панель инструментов принтера** (Принтер құралдар тақтасы) параметріне кіру үшін **Обслуживание принтеров** (Принтерге қызмет көрсету) параметрін басыңыз.
- в.** **Құрылғы қызметтері** қойындысында **Сия картридждарын тазалау** параметрін басыңыз. Экрандағы нұсқауларды орындаңыз.

#### **Принтер дисплейінен басып шығару механизмін тазалау**

- Kіріс науасына қолданылмаған Letter немесе қарапайым A4 ақ қағазын салыңыз.
- Принтердің басқару тақтасының дисплейінен **Тәңшеу** түймесін басыңыз.
- Картридждерді тазалау** тармағын таңдап, экрандағы нұсқауларды орындаңыз.

Егер басып шығару механизмін тазалау ақауды шешпесе, HP қолдау қызметіне хабарласыңыз. [www.hp.com/support](http://www.hp.com/support) сайтына өтіңіз. Бұл веб-сайтта жалпы принтер ақауларын түзетуге көмектесе алатын ақпарат пен қызметтік бағдарламалар беріледі. Нұсқау берілсе, елді/аймақты таңдаңыз да, техникалық қолдау қызметіне қонырау шалу туралы ақпаратты алу үшін **Барлық HP контактілері** түймесін басыңыз.

#### **Басып шығару сапасын жақсарту (OS X)**

- Тұпнұсқалық HP картридждарын пайдаланып отырғаныңызға көз жеткізіңіз.
- Басып шығару** диалогтық терезесінен сәйкес қағаз түрін және басып шығару сапасын таңдағаныңызға көз жеткізіңіз.
- Анықталған сия деңгейлерін картридждарда сияның аз екенін анықтау үшін тексеріңіз. Принтер картридждарының сиясы біткенде оларды ауыстыру туралы қарастырыңыз.
- Қағаз түрін тексеріңіз.

Ең жақсы басып шығару сапасына қол жеткізу үшін, жоғары сапалы HP қағазын немесе ColorLok® стандартына сай келетін қағаздарды пайдаланыңыз. Қосымша ақпарат алу үшін [Қағаз негізгілері \(7-бет\)](#) бөлімін қараңыз.

Әрқашан басып шығарып жатқан қағаздың тегіс екенін тексеріңіз. Суреттерді басып шығарғанда жақсы нәтижеге қол жеткізу үшін HP жетілдірілген фотосурет қағазын пайдаланыңыз.

Арнайы қағазды өз бумасында, жабық полиэтилен қалтасының ішіне салып, салқын, құрғақ, тегіс жерде сақтаңыз. Басып шығаруға дайын болғанда пайдалануды жоспарлаған қағазды ғана дереге шығарып алыңыз. Басып шығаруды аяқтағанда қолданылмаған фотосурет қағазын полиэтилен қалтасына салып қойыңыз. Бұл фотосурет қағазының шиширшықталып қалмауына мүмкіндік береді.

5. Принтер картридждерін туралаңыз.

#### **Принтер картридждарын бағдарламадан туралау**

- a. Қағаз науасына Хат немесе А4 пішімді кәдімгі ақ қағаз салыңыз.
- ә. HP қызметтік бағдарламасы ашыңыз.



**ЕСКЕРТПЕ:** HP қызметтік бағдарламасы белгішесі **Hewlett-Packard** қалтасында орналасады, ол қатты дискінің жоғарғы деңгейінде **Приложения (Бағдарламалар)** қалтасында болады.

6. Терезенің сол жағындағы құрылғылар тізімінен HP ENVY 5540 series таңдаңыз.
  - в. **Туралау** түймешігін басыңыз.
  - г. **Выравнить** (Туралау) түймешігін басып, экрандағы нұсқауларды орындаңыз.
  - ғ. **ақпараты және қолдауы** аймағына қайта оралу үшін **Барлық параметрлер** түймешігін басыңыз.
6. Сынақ бетін басып шығарыңыз.

#### **Сынақ бетін басып шығару үшін**

- a. Қағаз науасына Хат немесе А4 пішімді кәдімгі ақ қағаз салыңыз.
- ә. HP қызметтік бағдарламасы ашыңыз.



**ЕСКЕРТПЕ:** HP қызметтік бағдарламасы белгішесі **Hewlett-Packard** қалтасында орналасады, ол қатты дискінің жоғарғы деңгейінде **Приложения (Бағдарламалар)** қалтасында болады.

6. Терезенің сол жағындағы құрылғылар тізімінен HP ENVY 5540 series таңдаңыз.
  - в. **Сынақ беті** түймешігін басыңыз.
  - г. **Сынақ бетін басып шығару** түймешігін басып, экрандағы нұсқауларды орындаңыз.
- Мәтінде қисық жолдардың немесе мәтінде және түрлі-түсті қораптарда жолақтардың бар-жоғын көру үшін сынақ бетін тексеріңіз. Қисық жолдарды немесе жолақтарды көрсөніз немесе қортап бөлігінде сия болмаса, картридждарды автоматты түрде тазалаңыз.
7. Диагностикалық бет жолақтарды немесе мәтін немесе түрлі-түсті қораптардың бос бөлігін көрсетсе, басып шығару картридждарын автоматты түрде тазалаңыз.

#### **Басып шығару механизмін автоматты түрде тазалау үшін**

- a. Қағаз науасына Хат немесе А4 пішімді кәдімгі ақ қағаз салыңыз.
- ә. HP қызметтік бағдарламасы ашыңыз.



**ЕСКЕРТПЕ:** HP қызметтік бағдарламасы белгішесі **Hewlett-Packard** қалтасында орналасады, ол қатты дискінің жоғарғы деңгейінде **Приложения (Бағдарламалар)** қалтасында болады.

6. Терезенің сол жағындағы құрылғылар тізімінен HP ENVY 5540 series таңдаңыз.
- в. **Басып шығару механизмдерін тазалау** түймешігін басыңыз.

**г. Чистить (Тазалау)** түймешігін басып, экрандағы нұсқауларды орындаңыз.

 **ЕСКЕРТУ:** Басып шығару механизмін қажет болғанда ғана тазалаңыз. Қажетсіз тазалау сияны босқа кетіреді және басып шығару механизмінің жұмыс істеу мерзімін азайтады.

 **ЕСКЕРТПЕ:** Тазалауды аяқтағаннан кейін де басып шығару сапасы әлі нашар болса, принтерді туралап көріңіз. Тазалау және туралуа процесін орындағаннан кейін де басып шығару сапасында ақаулықтар болса, HP қолдау қызметімен хабарласыңыз.

**ф. ақпараты және қолдауы** аймағына қайта оралу үшін **Барлық параметрлер** түймешігін басыңыз.

### Басып шығарылған қағаздардағы сия дақтарын түзету

Егер басып шығарылған материалда жағылған сия бар болса, кейінгі басып шығарулар үшін принтер дисплейінде Clean Ink Smear (Жағылған сияны тазалау) функциясын пайдаланып көріңіз. Бұл процестің аяқталуына бірнеше минут керек. Толық өлшемді кәдімгі қағазды жүктеніз. Ол тазалуа кезінде артқа және алға жылжытылады. Бұл кездегі механикалық шулар қалыпты.

1. Кіріс науасына қолданылмаған Letter немесе қарапайым A4 ақ қағазын салыңыз.
2. Принтердің басқару тақтасының дисплейінен **Тәңшеу** түймесін басыңыз.
3. **Қағаздағы дақтарды тазалау** тармағын таңдап, экрандағы нұсқауларды орындаңыз.

 **ЕСКЕРТПЕ:** Сондай-ақ, осыларды HP принтерінің бағдарламалық құралынан немесе енгізілген веб серверінен (EWS) орындауға болады. Бағдарламалық құралға немесе енгізілген веб-серверге кіру үшін [HP принтерінің бағдарламалық құралын ашыңыз \(Windows\) \(15-бет\)](#) немесе [Енгізілген веб-серверді ашыңыз \(69-бет\)](#) бөлімін қараңыз.

## Көшіру ақаулары

### [Көшіру ақауларын шешу](#)

HP ақауды онлайн жою шеберін пайдаланыңыз.

Принтер көшірме жасамаса немесе басып шығарылған қағаздар сапасы төмен болса, қадамдық нұсқауларды орындаңыз.



**ЕСКЕРТПЕ:** HP ақауды онлайн жою шеберлері барлық тілдерде қол жетімді болмауы мүмкін.

[Сәтті көшіру және сканерлеу туралы кеңестер \(50-бет\)](#)

## Сканерлеу ақаулары

<a href="#">HP Print and Scan Doctor</a>	HP Print and Scan Doctor – ақауды автоматты диагностикадан өткізіп және түзетіп көретін утилита.
<a href="#">Сканерлеу ақауларын шешу</a>	HP ақауды онлайн жою шеберін пайдаланыңыз. Сканерлемесе немесе сканерленген нысандар сапасы төмен болса, қадамдық нұсқауларды орындаңыз.



**ЕСКЕРТПЕ:** HP Print and Scan Doctor және HP ақауды онлайн жою шеберлері барлық тілдерде қол жетімді болмауы мүмкін.

[Сәтті көшіру және сканерлеу туралы кеңестер \(50-бет\)](#)

# Желі және байланыс ақаулары

Не істегінің келеді?

## Сымсыз байланысты түзету

Келесі ақауды жою параметрлерінің бірін таңдаңыз.

<a href="#">HP Print and Scan Doctor</a>	HP Print and Scan Doctor - ақауды автоматты диагностикадан өткізіп және түзетіп көретін утилита.
HP ақауды онлайн жою шеберін пайдалану	<ul style="list-style-type: none"><li>Принтерің ешқашан жалғанбағаз болсп немесе жалғанып, енді жұмыс істемесе, <a href="#">сымсыз байланыс мәселенізді шешіңіз</a>.</li><li>Компьютердің принтерге жалғануына тыйым салуда деп күдіктенсөніз, <a href="#">брандмауэр немесе антивирус ақауын жойыңыз</a>.</li></ul>



**ЕСКЕРТПЕ:** HP Print and Scan Doctor және HP ақауды онлайн жою шеберлері барлық тілдерде қол жетімді болмауы мүмкін.

## Сымсыз байланыс ақауын жою үшін Анықтамадағы жалпы нұсқауларды оқу

Желілік қосылым мәселелерін диагностикалау үшін желі конфигурациясын тексеріңіз немесе сымсыз желіні тексеру туралы есепті басып шығарыңыз.

- Басты терезеде (**Сымсыз**) және кейін (**Параметрлер**) түймесін басыңыз.
- Есептерді басып шығару** түймесін, кейін **Желі конфигурациясын көрсету** немесе **Сымсыз тексеру есебін басып шығару** түймесін басыңыз.

## Сымсыз байланысқа арналған желі параметрлерін табу

Келесі ақауды жою параметрлерінің бірін таңдаңыз.

<a href="#">HP Print and Scan Doctor</a>	HP Print and Scan Doctor - желі атауын (SSID) және құпиясөзді (желі кілті) хабарлай алатын утилита.
<a href="#">HP ақауды онлайн жою шеберін пайдалану</a>	Желі атауын (SSID) және сымсыз құпиясөзді табу әдісін үйреніңіз.



**ЕСКЕРТПЕ:** HP Print and Scan Doctor және HP ақауды онлайн жою шеберлері барлық тілдерде қол жетімді болмауы мүмкін.

## Wi-Fi Direct байланысын түзету

<a href="#">HP ақауды онлайн жою шеберін пайдалану</a>	Wi-Fi Direct мәселесін шешіңіз немесе Wi-Fi Direct конфигурациялауды үйреніңіз.
--	---



**ЕСКЕРТПЕ:** HP ақауды онлайн жою шеберлері барлық тілдерде қол жетімді болмауы мүмкін.

## Wi-Fi Direct ақауын жою үшін Анықтамадағы жалпы нұсқауларды оқу

1. Wi-Fi Direct қосылғанын растау үшін принтерді тексеріңіз:
  - a. Принтердің басқару тақтасындағы  (Wi-Fi Direct) түймесін басыңыз.
  - ә. Егер күй **Өшірүлі** болса,  (Wi-Fi Direct параметрлерін) түртіңіз де, Wi-Fi Direct қосыңыз.
2. Сымсыз компьютерде немесе үялы құрылғыда Wi-Fi байланысын қосыңыз, кейін принтеріңіздің Wi-Fi Direct атауын іздең, қосылыңыз.
3. Сұралған болса, Wi-Fi Direct құпиясөзін енгізіңіз.
4. Егер мобиЛЬДІ құрылғы пайдаланып жатқан болсаңыз, үйлесімді басып шығару бағдарламасын орнатқаныңызды тексеріңіз. МобиЛЬДІ басып шығару туралы қосымша ақпарат алу үшін мына сайтқа кіріңіз [www.hp.com/global/us/en/eprint/mobile\\_printing\\_apps.html](http://www.hp.com/global/us/en/eprint/mobile_printing_apps.html).

## USB байланысын сымсыз байланысқа түрлендіру

Келесі ақауды жою параметрлерінің бірін таңдаңыз.

<a href="#">HP Print and Scan Doctor</a>	HP Print and Scan Doctor - ақауды автоматты диагностикадан өткізіп және түзетіп көретін утилита.
<a href="#">HP ақауды онлайн жою шеберін пайдалану</a>	USB байланысын сымсыз немесе Wi-Fi Direct байланысына түрлендіріңіз.



**ЕСКЕРТПЕ:** HP Print and Scan Doctor және HP ақауды онлайн жою шеберлері барлық тілдерде қол жетімді болмауы мүмкін.

[Байланыс түрін өзгерту \(62-бет\)](#)

# Принтер жабдығының ақаулары




**КЕҢЕС:** Басып шығару, сканерлеу, көшіру қателерін анықтап, автоматты түрде түзету үшін [HP Print and Scan Doctor](#) бағдарламасын іске қосыңыз. Бағдарлама кейбір тілдерде ғана қолжетімді.


## Автоматты шығару науасын ұзартқышты қолмен шығарып алу

Автоматты шығару науаны ұзартқыш автоматты қолданылмаса, оны қолмен шығарып алуға болады.

- Шығару науасын принтерден шығарып алыңыз.



- Шығару науасының төменгі жағында шығару науасы құлпын ашық күйге жылжытып, науа ұзартқышын босату үшін босату механизмін жылжытыңыз.



- Науа ұзартқышын босатылған күйде қалдырып, шығару науасын принтерге кері салыңыз.

## Принтер кенеттен жұмыс істемей қалды

- Қуат пен қуат байланыстарын тексеріңіз.
- Принтердің қуат сымы жұмыс істеп тұрған розеткаға берік қосылғанын тексеріңіз.

## Басып шығару механизмін туралай сәтсіздіктері

- Егер туралай процесі орындалмаса, қолданылмаған қарапайым ақ қағазды кіріс науасына жүктегеніңізді тексеріңіз. Егер сия картридждерін туралай кезінде кіріс науасында түсті қағаз салынған болса, туралай сәтсіз болады.
- Егер туралай процесі қайта-қайта сәтсіз болса, басып шығару механизмін тазарту керек, әйтпесе датчикте ақау болуы мүмкін.
